

# П И О Н Е Р



ОКТАБРЬ

1953 ЖЫЛ  
АЛМАТЫ

№ 10



*Сырбай Мәуленов.*

## Комсомолец болапшы

Мартен пеші ішінде  
Кен лап егіп тұтанды.  
Келіп еркін күшіне  
Сөзді енді от алды.

Тұрды ол киген көзіне  
Көзілдірік көкпеңбек.  
Қарайды оттын жүзіне  
Лапылдаған көкке өрлеп.

Екі беті алқызыл,  
Тізілген тер маңдайда.  
Жүргендей ол дәл қазір  
Алғы шепте — майданда.

Көрінеді шыныдан  
Тасқын тулап қаптаған,  
Арыстандай ұлыған  
Алай-дүлей от борап.

Шыққанынша сом болат  
От ішінен екшеліп.  
Лаборант қыз тұр қарап  
Сапасын сан тексеріп.

От өзені бұлқынып,  
Ақты асау бұлақтай.  
Комсомолец тұрды тік  
Өзі қортқан болаттай.



# ПИОНЕР

№ 10

ОКТАБРЬ

1953 жыл

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 15 жыл.



Валентин Катаев

Суреттерін салған Н. Лебедев

## ҰЙҚЫ

Ұйқы адам өмірінің үштен бірі ғой. Бірақ та ұйқы дегеннің өзін ғылым күні бүгінге дейін анықтаған жоқ. Ескі энциклопедиялық сөздікте:

«Ұйқының нақ келуі жайында тек қана жорамал айтуға болады» деп жазылған.

Ұйқы туралы мардымды ештеме таппаған соң, мен қалың томды жаппақ болдым. Әйтеуір осы кезде жапсарлас бағанадан ұйқы жөнінде бірнеше көрікті жолдарға көзім түсе кетті.

«Искусство ұйқыны екі нығында көбелек қанаты, қолында қызғалдақ гүлі бар адам пішінінде тұспалдап суреттейді».

Тым аңғал, әйтсе де әп-әдемі айтылған метафора менің қиялыма қозғау салды.

Ұйқының тарихта сақталып қалуға лайығы бар бір ғажап оқығасын айтқым келеді.

1919 жылдар отызыншы июльде Қызыл Армияның ыдыраған бөлімдері Царицынды тазартып, солтүстікке қарай шегіне бастады. Бұл шегініс қырық бес күнге созылды. Командованиенің қоластындағы бірден-бір жауынгерлік күш—Семен Михайлович Буденныйдың бес жарым мың қолы бар корпусы ғана еді. Жау күшімен салыстырғанда бұл ауызға алуға да тұрмайтын кішкентай күш еді.

Әйтсе де жауынгерлік бұйрықты орындай отырып, жаудың барлық сокқыларын өзіне бұра, Буденный шегініп бара жатқан армияның тылып қорғап тұрды.

Айтып отырғанымызды оншақты күнге созылған толассыз ұрыс деуге де болады. Қысқа ғана аялдау уақыттарында адамдардың кәдімгідей тамақтануға да, ұйықтауға да, жуынуға да, аттың ерін алуға да дәрмені келмеді.

Жаздың нағыз аптап кезі еді. Ұрыс Волга мен Дон арасындағы аядай жерде болып жатты. Соның өзінде де, жауынгерлер тәулік бойында тамшы су татпай қалып отырды. Соғыс жағдайы ұстаған бағыттан ауытқуға да, таяу жердегі құдыққа барып келу үшін жарты сағаттай уақыт бөлуге де мүмкіндік бермеді.

Су наһаян да қымбат болды. Уақыт судан да қымбат болды.

Алғаш шегіне бастағанда, олар үш тәулік бойы жыйырма атакаға төтеп беруіне тура келді.

Біреу емес, жыйырма атака!

Қыян-кескі толассыз атакаларда жауынгерлер дауыстан да айрылды. Қылыштасып жүріп, кеуіп қалған тамақтан дыбыс шығарудың өзі де соншама қыйынға соқты.

Атты әскерлердің атакасы, арпалыс, жанталас, кескілесу, сермелген қылыштар, сорғалаған лас терден айғызданған адам беттері, бірақ құлаққа ұрған танадай тым-тырыс, бұл жантүршігерлік жай еді.

Шөліккеудің, тілден айрылудың, аштықтың және ыстықтың азабына енді бойды басқан ұйқымен күресудің азабы келіп қосылды.

Хабар алып, қою шапшың ортасында күйғытып келе жатқан ординарец ерден сырғып түсіп, атының аяғы астында ұйықтап кетті.

Атака аяқталды. Жауынгерлер ер үстінде құлай жаздайды. Ұйқымен арпалысудың бұдан әрі ешқандай мүмкіншілігі қалмады.

Ымырт жабылды.

Ұйқы көзге тығылды. Кірпік айқасып, көз жұмыла берді. Сынаптай ауыр, баяу қан құйылып, жүректің соғуы саябырлай түсті. Саусақтар ашылып, қолдар салбырап, бас біресе о жаққа, біресе бұл жаққа кетті, фуражкалар сырғып мандайды жаба берді.

Жазғы түннің талықсыған көгілдір аспаны бойын билей алмаған бес жарым мың жауынгерлердің ессесін басты. Олар ер үстінде сағат тілінше тербеліп келе жатыр еді.

Полк командирлері Буденныйдың алдына кеп бұйрық күтті.

— Бәрің де ұйықтандар,— деді Буденный «бәрің де» деген сөзді баса айтып, — барлығыңа демалуға бұйырамын.

— Жолдас начальник... қалай болар екен... карауылдағы күзет ше? Заставалар ше?

— Бәрің де ұйықтандар, бәрің де...

— Кім болар екен?... Жолдас начальник, ұйықтамайтын кім болар екен?

— Мен болам,— деді Буденный сол қолын бұра түсіп, кара былғары баулы сағатын көзіне тақап.

Фосфор жалатқан цифрлары мен стрелкалары қас қарайған мезгілде жалтырап көріне

бастаған сағатының циферблатына көз қыйығын тастап жіберіп ол:

— Бәрің де ұйықтандар, түгел ұйықтандар, барлық корпус ұйықтасың,— деді көңілдене даусын көтеріп,— демалуға тура екі жүз қырық минут беріледі.

Ол төрт сағат дем еді. Төрт сағат деу тіпті аз болатын еді. Ол екі жүз қырық минут деді. Мұндай жағдайда беруге болатын уақыттың ол ең көбін берді.

— Басқа ешнәрсеге алаң болмандар,— деді ол сөзін жалғап.— Жауынгерлерді мен күзетемін. Өзім. Мұны өз жауапкершілігіме алам. Тура екі жүз қырық минут, бір де секунд артық берілмейді. Ұйқыдан оянудың белгісі — револьверден оқ ату.

Ол әманда белінде жүретін маузерін сыйпап қойып, доңдық қызылжирен аты Қазбектің тер басып қарайған бүйірінен шпорымен ақырын ғана түртіп қалып, алға жылжыды.

Жалғыз адам бүкіл корпусың ұйқысын күзетті. Оның өзі корпусың командирі. Әскери уставты көріне көзге бұзу деген осы ғой. Бірақ, басқа амал болмады. Жалқы жалпы үшін, жалпы жалқы үшін. Революцияның темірдей тәртібі осы.

Сайдың бойындағы қалың көгалға бес жарым мың жауынгер бірі қалмай жапырласа жантая кетті.

Кейбіреулерінің ғана аттарының ерлерін алып, шідерлеп жіберіп, ерді жастанып ұйықтауға әлі келді.

Лагерьді айналмақ болып, Буденный атын аяндатты. Оған ілесе оның он жеті жасар ординареці Гриша Ковалев келеді. Бұл қараторы бала ер үстінде эзер отыр, ол да қалғып келеді, төмен тартқан басын көтермек боп қыйналады.

Бес жарым мың адамның ішінде осы екі сергек адам — біреуі корпус командирі, екіншісі оның ординареці — лагерьді тынымсыз айналып жүрді.

Ол кезде Семен Михайлович қазіргісінен әлдеқайда жас еді, ашан, шықшылты, конырқай жүзді болатын. Қою, ұзын мұрты, кара қасы күнге күйіп күренденген, шаруа рендес бетіне жарасып тұратын.

Лагерьді айнала жүріп ол туып келе жатқан ай сәулесінен кейде жауынгерлерін таный кетеді, таныйды да мұртынан жымоя күледі. Оның бұл күлкісі бесіктегі баласына қызыққан әкенің мейрімді күлкісіндей еді.

...Түн өтіп барады. Дала түнінің жұлдыздары сирей бастады. Жауынгерлерді оятатын уақыт та тақап қалды.

Қазбек қалт тоқтап, құлағын тіге қойды. Буденный құлағын түріп, тыңдай қалды. Ол күнқағарының бір жақ шеті жорық оттарына

шарпылған жасыл фуражкасын жөндеп қойды.

Сайдың жоғарғы жағын ала, бірнеше атты таяп келеді. Олардың көленкелері бірінен соң бірі айды көленкелей берді. Буденный қалт етпей орнында тұр. Аттылар лагерьге тура беттеді. Алдында келе жатқаны тізгінді тартып, бір жауынгерге еңкейді.

Ол жауынгер белгіленген уақыттан бұрын тұрып, күнгірт тартып сөне бастаған оттың алдында етігін қайта киіп жатыр еді.

Атты адам қолындағы папиросын тұтатпақ болды.

— Ей, — деді ол, — қай станицаның адамысың? От әпер!

— Сенің өзің кімсің?

— Көрмей тұрсың ба?

Атты адам жауынгерге еңкейіп иығын көрсетті. Ай жарығында оның полковниктік погоны жарқ ете қалды.

Енді бәрі де түсінікті болды. Бұл офицерлер тобы қараңғыда Қызыл Армия жауынгерлері тоқтаған жердің үстінен шығып, оларды өз адамдарымыз деп қалыпты. Олай болса, ақтар жақын жерде болғаны. Уақытты өткізуге болмайды. Буденный ептеп қараңғыдан сытылып шықты да, маузерін көтерді. Таң алдындағы тыныштықты бұзып, маузер даусы шанқ етті. Полковник атынан құлап түсті. Жауынгерлер орнынан атып-атып тұрды. Жау офицерлерінің тобы қолға түсті.

— Аттан! деп бұйырды Буденный. Сол-ақ екен, бес жарым минуттің ішінде бес жарым мың жауынгер атқа қонды. Ал, енді бір минуттен кейін-ақ шық моншағына шағылған күннің сәулесімен қабаттаса, ақтардың атты әскерінің жақындаған тозаңы көрінді.

Семен Михайлович жеделдете қыймылдауға бұйырды. Төртінші атты артиллерия дивизионының үш батерейасы бірдей сөйлеп қоя берді. Ұрыс басталды.

...Осы бір жайды есіне түсіріп, Семен Михайлович ойлана күліп қойып:

— Солай. Бес жарым мың жауынгер түгел ес-түссіз ұйықтап жатты. Ой, ұйқы деп міне осыны айт. Олардың қорылынан қалың қау шайқалды, — деді.

Қабырғада ілулі тұрған қартаға төніп келің:

— Қалың қау шайқалды! — деді сөзін ерекше сүйсіне қайталап.

Біз Буденныйдың Реввоенсоветтегі кабинетінде отырған едік. Сыртта Москва аспанынан жапалақтап қар жауып тұрды.

Сол бір тамаша көріністі мен көз алдыма әкелдім. Дала. Түн. Ай. Ұйықтап жатқан лагерь. Буденный өзінің Қазбегінің үстінде. Шашына семген қызғалдақ жабысып, күнге қызған шаң иығына көбелек қонған, ұйқы қысқан кекілді қараторы бала теңселіп келеді...

Аударған *М.Сәрсекеев*





# Комсомол Ұлы Отан соғысы жылдарында

А. Шалов

Қазақстан ЛКЖО Орталық  
Комитетінің секретары

1941 жылдың 22 июнінде гитлершіл Германия біздің елімізге опасыздықпен тұтқұйылдан шабуыл жасады. Совет адамдарының бейбіт өмірінің шырқы бұзылды. Ұлы Отан соғысы басталды.

Бұл — біздің Отанымыз бұрын-соңды бастан кешірген шайқастардың ішіндегі ең ауыры, ең қаталы еді. Коммунистік партия совет халқын фашист басқыншыларға қарсы қасиетті айқасқа шығуға үндеп, барлық күшті жауды талқандауға жұмсауға шақырды.

Партияның үндеуіне жастар да жігермен жауап берді. Комсомолкалар мен комсомолдер, жігіттер мен қыздар майдан сахнасында ерлік пен қайсарлықтың Отанға шын берілгендіктің асқан үлгісін көрсетіп, жеңіс жолына қанын да, өмірін де аямады. Комсомол қатарынан талай мыңдаған снайперлер, танк құртушылар, барлаушылар, танкистер, ұшқыштар шықты.

1941 жылдың күзінде, фашист қаныпезерлер Советтік Отанымыздың жүрегі Москваның іргесіне келгенде, астананың 100 мыңнан астам жастары қорғаныс шебін жасауға аттанды. Заводтар мен фабрикалардан, жоғары оқу орындары мен мекемелерден жастар тұтас ұйым болып, жұмысшылар батальонын ұйымдастырды, соғыс ісін меңгеруге жұмылды.

Отанға, Коммунистік партияға шексіз берілгендіктің, ұлы ерліктің жарқын бейнесін комсомол мүшесі Александр Матросовтың ерлігінен көруге болады. Чернушка деревнясы үшін болған ұрыста ол жау дзотының амбразурасын өзінің кеудесімен жауып, шабуылға шыққан бөлімшенің тамаша жеңіске жетуіне жағдай жасады. ССРО Жоғарғы Советінің президиумы ерлік өліммен қаза тапқан Александр Матросовқа Совет Одағының батыры атағын берді.

Панфиловшы гвардияшылардың естен кетпес керемет ерлігі тарих бетінде дастан болып жазылды. Генерал Панфиловтың 28-гвардияшы жауынгерлері Волоколам тас жолы бойындағы майдан шебін қорғады, олардың көпшілігі жастар болатын. Қантөгіс шайқас 4 сағаттан артыққа созылды. Танкке қарсы атылатын мылтық және жандырғыш бутылкалармен гвардияшылар жау танктерін, бірінен соң бірін

өртеп құртып отырды. 20 танктің 14 іні жойды. Мұнан соң әбден ашынған жау тағы да 13 танкіні ұрысқа салды.

— Россия кең байтақ, бірақ шегінерлік шеп жоқ, артымызда Москва! — деді саяси жетекші Клочков тірі қалған жолдастарына. Жауынгерлер неміс танктерін алға аттатпады, олар қанға малынған, есебі жоқ, көп қолға ерлікпен қарсы тұра алды.

Жау тылында астыртын жұмысқа араласқан жастар мен жас партизандар да Ұлы Отан соғысының тарихына ұмытылмас үлес қосты. Бұлардың батырлық қыймылдары нәтижесінде талай мыңдаған неміс офицерлері мен солдаттары жер күшты, талай мың паровоз, вагондардың құлпаршасы шықты.

Қайсыбір отрядтарда партизандардың тең жарымынан артығы комсомолдар мен жастар болды. Олар қыйын кезең, қысылшаң шақта жау тылында жергілікті халықтарды күреске шақырды, кек алуға ұмтылды. Өмір мен өлім беттескен күндерде жастар халыққа шындықты жеткізе білді. Олар біздің ісіміздің әділдігін айтып, Совет Армиясының жеңетіндігіне халықтың сенімін арттырды, фашистік насихаттың жалғандығын әшкереледі. Москва түбінде ұрыстар да комсомолка Зоя Космодемьянская талай-талай ұрпаққа жыр боларлық ерлікпен қаза тапты.

Краснодон батырларының керемет қаһармандығы мен батырлығы әлемге әйгілі. Астыртын жұмыс істейтін коммунистердің басшылығымен олар «Жас гвардия» деген комсомолдың астыртын ұйымын құрды. Жастар совет адамдарына ғана тән қайсарлықпен коммунистердің тапсырмасын орындай жүріп, гитлершіл басқыншыларға қарсы жанқиярлықпен күресті. Фашист жендеттер бұл ұйымды біліп қойып, қолға түскен жас гвардияшыларды айуандықпен азапқа салды. Краснодонның жас батырлары өлімнен тайсалмады. Олардың есімі жастардың жүрегінде мәңгі сақталмақ. Совет үкіметі «Жас гвардия» ұйымының басшылары: Олег Кошевойға, С. Тюленинге, Л. Шевцоваға, У. Громоваға, И. Земнуховқа Совет Одағының батыры атағын берді. Ұйымның басқа мүшелері Совет Одағының ордендарымен наградталды.

Краснодондық жастардың ғажайып ерлігін бүгінгі күні бүкіл әлем сүйсіне еске алады.

Шығыс қыздарының ішінен шыққан батырлар Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың есімдері де бүкіл совет халқына мәлім.

Ұлы Отанымыз, совет халқы өздері тәрбиеленіп өсірген жастардың ерлік ісін жоғары бағалады. Солдаттар мен офицерлерден шыққан 11 мың Совет Одағы батырының 7 мыңы комсомол мүшелері, комсомолда тәрбиеленгендер. Совет Одағының батыры атағын үш рет алған А. Покрышкин мен И. Кожедуб та комсомолдың даңқты мектебінде шыңдалғандар.

Жауды жеңу ісі тек майданда ғана емес, миллиондаған совет адамдарының майдан мүддесі үшін тылда еткен ерлік еңбегінде де қамтамасыз етіліп жатты. Заводтар мен фабрикаларда, колхоздар мен совхоздарда комсомолецтер аяибай еңбек етті. Бұрын жұмыс істеп көрмеген көптеген жас жігіттер мен қыздар өндіріске келіп кірді. Олар өздерінің майдандағы жолдас-тарынан қалыспайды. Өндіріс орындарынан майдандық бригадалар ұйымдастырылып, комсомолецтер норманы екі есе орындау міндеттерін қабылдады.

Соғыстың ауыр жылдарында ауыл, село жастары да жігерлене еңбектенді. Колхозшы әйелдермен бірге олар ауылшаруашылық жұмысына белсене араласып, армияны азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикі затпен қамтамасыз ете білді.

Жауды жеңу ісіне мектеп балалары мен пионерлер де жұмыла кірісті. Жүз мыңдаған мектеп балалары, пионерлер ауылшаруашылық жұмысына қатысып, егін жыйнасты, пішен шабысты.

\*

Ұлы Отан соғысы совет жастарының, оның алдыңғы отряды — комсомолдың мойымас қайраты, рухани берік күшін де қатал сынады. Бұл сыннан совет жастары мүдірмей өтіп, ел сенімін аброймен ақтады.

Сұрапыл ұрыс жылдарында комсомол Коммунистік партияның үнемі сенімді көмекшісі бола алғанын және ілгеріде де бола беретінін айқын көрсетті. Комсомолдың күшті, құрыштай берік болуы Коммунист партиясының басшылығы арқасында.

БЛКЖО-ның XI съезіне жолдаған құттық-

тауында партияның Орталық Комитеті былай деп жазды:

«Ұлы Отан соғысы дәуірінде совет елінің жігіттері мен қыздары Отанымыздың намысы, бостандығы, тәуелсіздігі жолындағы бүкілхалықтық күреске қатысып, асқан ерлік, табандылық көрсетті, советтік Отанға қалтқысыз шын берілгендігін көрсетті».

1945 жылдың июнь айында ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы гитлершіл Германияға қарсы Совет Одағының Ұлы Отан соғысында сіңірген ерекше еңбегін, совет жастарын Отанға шексіз берілгендік рухында тәрбиелеудегі ерекше қызметін еске алып, Ленин-




Отан соғысына қатысқан танкші комсомолецтер. Солдан оңға қарай: Сидоренко В., Алпысбаев А., Манигалиев Б.

Соғаның сурет қорынан.

шіл Коммунистік Жастар Одағын Ленин орденімен наградтады.

Украина мен Белоруссияның комсомол ұйымдары Қызыл Ту орденімен наградталды. Кейін, БЛКЖО-ның 30 жылдығына байланысты батыр қалалар: Москваның, Ленинградтың, Сталинградтың, Севастопольдің, Одессаның комсомол ұйымдары да Қызыл Ту орденін алды.

Ұлы Отан соғысы зор жеңіспен аяқталғаннан соң, совет адамдары қайтадан бейбіт өмірге көшіп, игі еңбекке кірісті. Қазіргі күнде партия нұсқауларын орындай отырып, 35 жыл бойы ерлік мектебін өтіп шыңдалған комсомол өзіндік тасқынды жастық жігер мен бүкіл творчестволық күшін елімізде коммунизм орнату күресіне жұмсай береді.



# Ағашқы сапар

Нығмет Ғабдуллин

Повесть  
(Жалғасы, басы өткен номерлерде)

Суреттерін салған. Н. Лебедев

## ДОСТАР СӨЗІ

Күн ерте батқанмен, кеш жарық еді. Бүгін таң алдында ұшқындап қар жауды да, түске таман аспан шайдай ашылып кеткен. Ай дөп-дөнгелек боп, бетіндегі дағы айқын көрініп, училищенің биік шатырына иек артып тұрғандай. Терістіктен ескен салқын леп бар. Қарашинелінің қалтасына қолын салып, жатақхананың алдында жүрген Махмет бір әнді баяу ысқырып, тербелтіп қояды. Рельспен зырлап келе жатқан трамвайдың көлденең көшеге тақала бергендегі электр қоңырауының шылдыры естіледі. Анда-санда ағынды «Победа» қоңыр қазша сыңғыр үнімен қаққ етіп қалады. Қаланың тынымсыз осы үндері Махмет құлағына жетпегендей. Ол өз ойымен әлек.

Махмет кенет тоқтай қап, жоғары қарады. Оң аяғын қозғалақтатып, ботинкасының өкшесімен мұздақ қарды сықыр-сықыр үгіп тұрды. «Я, қайткенде де орындаймын» деп қалды. Даусы қаттырақ шығып кетті.

— Нені орындайсың?

Тап қасынан естілген дауысқа жалт қарады Махмет. Ұп-ұзын боп Саша тұр алдында. Сопақ бетінің дәл ұшындағы азғана сепкілі жоғалып кеткендей, қызыл-сары жүзі тоңазып ақшыл тартқан. Ол Махметке жақындап келіп:

— Қане айтшы, неменеге серт беріп тұрсың,— деді жымыйып.

Махмет сырын бүкпеді:

— Айғайын ба?.. Біздің ойда қазір мынау тұр. Ертеңнен бастап үлкендердің нормасын орындауға шұғыл кірісемін. Паровоздың бір тетігін олар қанша минутта жөндейтін болса, мен де сонша уақытта оңдап шығамын.. Неге күлесің? Қолымнан келмейді дейсің бе? Қолдан келгенде қандай. Батылдығың жетсе, болды!

— Тәжірибең жетпесе қайтесің? — деді әлі жымыйып тұрған Саша.— Үлкендермен жарысуға әлі ерте.

— Ешқандай ертелігі жоқ. Қазірден бастау керек. Сонда ғана озып шығасың. Соцжарыстың міндеті сол,— деді Махмет.

Ол бұл әңгімені одан әрі созуды қаламады да, «Ба-

лалар келгелі қашан. Манадан қайда жүрдің?» деп, сөздің бетін бұрып жіберді.

— Аға мастерде бір жұмысым болып, депода алданып қалдым,— деді Бондарчук.

Махмет өзінің Сашаны күтіп тұрғанын айтты, «Тез жуынып шық, кешкі тамақты ішуге асханаға бірге барайық» деді ол..

Екеуі ақ шүберек жабылған дөнгелек столдарды қоршалай төрт-төрттен жайласып алып, тамақ ішіп отырған балалардың арасымен ең шеткі бос столға барып орнығып еді. Буы бұрқырап алдарына майлы сорпа да келе қалды. Махмет тарелканың бетінде жүзіп жүрген майлы етті сүйір күміс қасығымен бір аунатып көрді де, сорпадан асыға ұрттап еді, шашалып қалды. Саша мырс етіп күліп жіберді:

— Сорпа дәмді ме?

— Дәмді екен,— деп жымыйды Махмет сырын сездірмегенсіп.

— Солай болар. Көзің қызара қалды ғой,— деп күлді Саша.

— Жарайды, жарайды. Суытпай асыңды іш,— деді Махмет қолын сермеп..

Асхана тәртібі бойынша екеуі тамақтың екі-үш түріне сықырып алып, артынан бір-бір стакан шай ішіп еді.

Кішкене қасығын сыңғырлатып, шайға салған қантты араластырып отырған Махмет асханаға кірер алдында үзіліп қалған сөзін қайта жалғады:

— Сені күткендегі мақсатым, ойымды айтайын деп едім, әлгіңде айттым ғой. Сол Рекорд жасауымыз керек.

— Жоқ, Махмет. Біз практикада жүрміз. Біздің міндетіміз не? Ересек жұмысшылардан үйренеміз. Олар бізге бәрін де үйретеді. Ал, қазір тапсырманы бірден асыра орындай алмаймыз,— деді Саша Бондарчук.

Махмет өз пікірінен таймады.

— Орындаймын десең, орындайсың,— деп сөзін шарт түйді..

Махмет бүгін жөндеу жұмысына жаңа бір жүйемен кірісті. Ол мұны кеше кешке жатар алдында ойлағанды. Өз ақылымен әбден екшеп-екшеп алып, осынымды ертең қолданып көремін деп шешкен. Іске келе шұғыл тиіскен-ді.

— Тезірек, жолдастар! Уақыт аңқырып тұрғаныңды



күтпейді. Жарысқа түскеніңді білемісің, өзін,— деп күндегісінен де әбігерленіп жолдастарын да асықтырып барады. Өзі де тым жедел. Шып-шып тершіген маңдайын комбинезонның жеңімен сүртіп тастап, бізге қызыға қараушылар бар ма дегендей әлсіз-әлі маңына көз жібереді.

Ол қолына ұзын сапты кілт алып, жөндеуде тұрған үлкен паровоздың оң жағына шыға беріп еді Мастер оның қасына келді.

— Сен болттарды қалай бұрап жатырсың? — деді Иван Павлович оған.— Бұлайша тұрып бұранданы бекітуге болмайды ғой.

Мастер оған жұмыс үстінде техникалық ережелерді орындамаушылық, ұқыпсыздық пен орынсыз асығыстық жұмысшыны зақымдандыруы мүмкін екенін ескертіп, ілгері жүріп кетті.

Махмет мастердің бұрылған жағына қарап, қозғалмай тұрып қалды.

Оразбеков техникалық ережелерді білмейді екен деп ойлады ма Иван Павлович! Мүмкін...

Осы ой басына сап ете түскен Махметтің «ол ережелерді мен жақсы білемін!» деп мастерге естірте айғайлап жібергісі келді. Оқтала түсіп тоқталы. «Иван Павлович маған реңжіген жоқ— деп ойлады ол.— мен норманы жұрттың бәрінен бұрын асыра орындап, оны қуантамын...»

Ол фуражқасын күнқағарынан қағып жіберіп, желкесіне таман сығытып киді де, букс болттарын шапшаң бұрап алмақ болып, қайта төнді. Бірінші болтты кілтінге тістетіп ап, еңкейіп тұрып, бар екпінмен ілгері толқып қайырып қалды. Осы бір әрі асығыс, оқыс қыймылы шағында Махмет еңбек ережелерін сақтамап елі. Қолындағы балғалы кілт мұлт етіп тайып кетті. Махмет ілгері ұшып, омақата құлады.

Иван Павлович механикалық цехтан бір кішірек тетіктерді алып шыға беріп еді. Ол етпегінен қатты жығылған Махметті жүгіріп келіп, көтеріп алып:

— Жаным-ау, байқамаймысың... Асығу неге керек еді. Қарашы енді...— деді Махметтің сол жақ бетін қан жуып кеткенін көріп, өңі қуара қалған Иван Павлович демі дірілдей ентіге сөйлеп.

Балалар да жүгірісін кеп, бұларды қоршалай қалып еді. Махмет бойын тез жыйып алды, абыржып, қысылған да жоқ.

— Уақасы жоқ, Иван Павлович ақылдырақ боламын енді,— деп жымыйды ол сол жақ бетін алақанымен басып тұрып...

\*  
\* \* \*

Ет қызуымен өзінің елемегені болмаса Махмет термірге қатты жығылып еді. Букстың ұзын болтына нақ қабақ тұстан келіп соғылған. Осыдан сол жақ көзі үсті ісіп, жұмылып қалды, қанталап кеткен, түйіліп аштырмайды. Жарадар болған күнінің ертеңіне ол ауруханаға түскен-ді. Қазір көзі жазылып келеді. Бірақ, училищеге баруына дәрігер рұқсат етпейді. Жел тиелі деп, көзін орай танып, көшеге шығуына тыйым салып еді. Ауруханада түнеген бірінші түнде Махмет өзінің жіпсіз байланып, мұнда жатқанына қынжылып, көпке дейін ұйықтай алмаған. Таң алдында ғана көзі ілініп еді оның. Күн көтеріле оялды. Халін білгелі келіп отырған күрбыларын көрді. Көңілі жай тапқан-ды.

Ол бүгін ерекше жадырап, көңілденіп, жұмсақ керуеттің үстінде шалқасынан түсіп, кітап оқып жатыр еді. Жарқын мен Саша үстеріне аянақ халат киіп, шағаладай болып Махмет жатқан бөлмеге енгенде, ол бұларды байқамады. Саша есікті жаба беріп, ақырын дыбыстағанда ғана Махмет жалт қарап орнынан ұшып тұрды. Шубатылған бос шұға халатының омырауы ашылып, ұмтылып кеп:

— Сендердің келетіндеріңді жүрегім сезіп жатыр еді,— деп ол скеуінің қолын қатты сілкіп амандасты.

— Қалайсың, сауықтың ба мүлде, ішін пысқан жоқ па? — деп Саша мен Жарқын қосарлана сұрады.

— Жайым жақсы. Көзім таңулы болғанымен ауруын қойған. Жазылдым,— деді Махмет көңілді пішінмен жадырай сөйлеп.— Врақтың өзі бір қызық кісі. Мені соғыста мыйынан жараланған адамдай-ақ басымды айналдырып танып тастап, «алма» дейді. Мен оған «жазылдым» деймін. Ол маған басын шайқал тұрып, «өзім уақыты жетті, енді ал деймін, сонда бір-ақ шене-сің» дейді. Міне, күндегі тартыс осы.

— Мекімше врач дұрыс айтады. Сен мұны орындауың керек.— деді Бондарчук.

Оған сау көзімен алақ етіп қараған Махмет өңі бірде ақсұрланып, біресе қызарып отырып:

— Пемеве, мені мүгедек деймісің? Жайдан-жай осында жата берем бе? — деді.

Жарқын Махметті күтіп сөйледі:

— Сашаның сөзі жөн. Дәрігер айтты ма, оны орындау — тәртіп.

— Әрине, сендер солай дейсіңдер,— деді Махмет күбірлеп...

Бұлар коридорға шығып, есік жақтағы шағындау диванға барып отырды. Сөзлі Махмет қозғалды.

— Біз тапсырма алдық. Мемлекеттік тапсырма! Біз паровозды өзіміз жөндеуге шықтық. Бұған дейін депо жұмысшыларына көмекші болып тәрбиелендік. Солай ма? Солай. Олар өз бетімен паровоз жөндей алса, қазір біз де жөндей аламыз. Солай ма? Солай. Олар атқарған міндетті біз де атқарамыз. Олар орындаған норманы, біздер неге орындай алмасқа? Мен осыны ойлап ем... — деп шыны ағытып кеп тоқтап еді.

— Олар депода талай жыл паровоз жөндеген мамандар емес пе,— деп Жарқын сөзіне дәлел келтірді.— Ал, біздер ше?.. Қысқасы олармен жарысқа түсуге болмайлы.

— Неге? — деді Махмет.

— Тыңда! әуелі ересек жөндеушілердің тәжірибесін үйренуіміз керек пе? Әрине. Иван Павлович те сан рет осылай деді. Ал, сен олармен жарысамын дейсің. Тәжірибені үйренбей, әдісті білмей тұрып, құр асыққанмен олардан озуға бола ма? Болмайды. Ондай жұмыс сапасыз және...

Жарқын сәл бөгелді. Махметке ауыр тиер, ойландырар достық сөз айтты ол.

— Және орынсыз асығудың неге әкеп соққанын көрдің ғой,— деді.

Бұл дәлелелі Махметтің бар мінін көз алдына елестетіп кеткендей еді. Оразбеков ләм-мим демей төмен қарады. Жұқа құлағы терек жапырағының күзгі түсіндей жыл-қызыл бола қалды. Өз ісінің ағаттығын сезгендей Махмет. Жарқынның айтқаны шын жүрегінен төгілген жанашыр сөзі сыяқты. «Дұрыс айтып отыр деп ойлады бір сәт Махмет,— «оның сонау комсомол жыйналысында айтқан сындары да дұрыс шығар...»

— Ұға бастадым,— деді төмен қарап қалған Оразбеков бір кезде, ауруханаға түскен күні осы ой басыма келіп елі...

— Кеш болса да басыма келгені қандай жақсы болған, солай емес пе, Махмет! — деп Саша қулана күлді.

Махмет төмен түскен еңсесін жоғары көтеріп алды. Жолдастары жүзінен шынайы достық ажарды танығандай.

— Алайда, менің үлкендердің жұмысын келешекте атқарамын деуім орынсыз ба? — деді жүзінде күлкі ізі білінген ол Сашаға бұрылып.

— Өте орынлы. Дауым жоқ.

Махмет маңағы бір оқып жатқан кітабын өзімен бірге ала шығып еді.

— Міне, мынаны оқудамын,— деп ол Иван Павловичтан алған сол көк тысты кішірек кітапшаны бұларға мақтанышпен көрсетті.



Осы кітапшаны әкеліп беретін жолы, мастер ауруханаға келе жатқанда бір көзі танулы Махмет бөлмедегі радиодан естілген әнге ыңылдай қосылып, терезе алдында тұрған еді. Ол Иван Павловичті көріп, залға жүгіре шыққан-ды.

— Менің балам әбден айықты ма, халі қалай? — деп Иван Павловичтің ішке кіре беріп кезекші әйелден өзін сұрап жатқанын естіген-ді Махмет.

— Халім өте жақсы, Иван Павлович, — деп ол жүгіріп келіп мастерді құшақтай алған.

Иван Павлович оны арқадан қағып:

— Айықтың ба?.. Жақсы. Жақсы... Бірақ, көзі танулы адамға қатты жүгіруге бола ма екен, — деп аса бір әкелік мейір төге Махметті баурына тартып еді. Махмет те бейне бір жас нәрестедей мастердің қолтығына ене түсіп, оның күлгенде көбейе қалатын терең әжімдеріне қызыға қарап еді. Сол жолында Иван Павлович оқушысымен біраз әңгімелесіп отырған да, тап кетерінде:

— Сен, балақай, рұқсатсыз далаға шығушы болма. Дәрігер маған арыз айта келіп жүрмесін, — деп жымый-ып тұрып Махметке берік ескерткен.

Махмет ұстаз ақылын құп тыңдап, бас изеп отырып, мастерге өз көкейіндегі бір сөздерін де айтып салып еді.

— Бұл кітапты талдап оқыймын. Озаттар тәжірибесін әбден біліп алғанша, оқыймын. Сонсоң білгенімді қолданамын! — деген.

Енді сол мақсатына жеткендей. Жарқындарға жағдайын айтып, сөзінің әуеніне орай қолдарын сермен тастап ағып отыр.

— Көп жерін жазып алдым. Паровоз жөндеушілердің тәжірибесі туралы жазылған басқа да қағаздарым бұрын бар да. Мына кітапшада ылғый стахановшылардың әдістері жазылған. Өздері қандай көп дессейші. Со-

ның бәрін тоқып жатқан біздің бас та осал емес! — деп көтеріліп алды.

Төрге ілінген дөңгелек сағаттың жіңішке ұзын тілі әр минут сайын секіріп түсіп, басы қайқайып, жоғары жылжып бара жатыр еді. Ұзын тіл енді бір ырғып қалғанда сағатқа қараған Жарқын:

— Уақытымыз болып та қалыпты ғой, — деп тұруға ыңғайланды.

— Сонымен, солай. Бәрі де жақсы, — деп Махмет Жарқынның оң тізесіне алақанымен шарт еткізіп соғып қалды да, сығырая жымың қағып, — жарысқа енді шындап түссеміз ғой, ә! — деді.

— Әрине, сөз жоқ, жарысамыз, Махмет, — деді Досов жымыйып.

Махмет те ұшып түрегеліп:

— Менің басым жақсылықты ойлауға ғана міндетті. Бұдан былай екеуміз керіспейміз. Сол үшін әкел қолды, Жарқын, — деп құшағын жазды.

Жарқын қолын алды оның. Екеуі бір-біріне қарап күлімсіреді...

## 6. ҚУАНЫШТЫ КҮНДЕРДЕ

Жарқын мен Саша деподан сөйлесе шығып келе жатыр еді, вагондарына жуан-жуан бөрене тиеген жүк поезы алдарынан өте берді. Біреу паровозбен жарысқандай боп, құйындай ұшып, көлденеңнен қосыла кетті.

— Жарқын, Махметті қара! — деп дауыстап жіберді Саша.

Қабаған итпен шошына қашқандай Махмет дедектеп келеді екен. Ол зырлап жеткен бойда құлашын жая екеуін қапсыра құшақтай алды.

— Екі көзім депода еді, содан шыға бергендеріңді көрдім де, ұштым, — деді Махмет енгіні. Ол сужаңа комбинезонының алдыңғы қалтасына қолды сұғып жіберіп көк жиек үлкен бет орамалды желбең еткізіп суырып алды да, шып-шып тершіген маңдайын сүртті. Ана екеуін сөйлеуге үлгіртпей: — Балалар депода ма?.. Ал, жүріңдер сонда. Бірге қайтамыз бәріміз, — деп қолтықтап алды...

Махмет көп жылдар көрмеген адамдай сабақтас достарымен жағалай құшақтасып амандасты. Бұған тұс-тұстан сұрақтар да жауып кетіп еді.

— Көзің мүлде жазылды ма?

— Енді ауырмайды ғой, ә?

— Көзіңнің қарашығына еш зақым келген жоқ па?

— Көруің қалай? Дәрігер не деді өзіңе шығарда?

— Ауруханадан бүгін шығатыныңды естіп, жұмыстан кейін бәріміз ұйымдасып барғалы жатыр ек...

Махмет күлім-күлім етіп балалардың ортасында тұрды. Кішкене көздерін жүгіртіп жан-жағына тынымсыз қарайды. Достарын да, депоны да сағынып қалғандай.

— Емханадан машинамен зырғытып алып келді. Өзімнің бұйрығым бойынша тура училищенің нақ есігінің алдына әкеп түсірді, — деп қуанған үнмен аптыға сөйледі ол. — Келсем, сендер жоқ. Жүгіріп жатақханаға бардым. Кезекші: «депода әлі келген жоқ» деді. Қалай шыдап күтіп отырайын! Жұмыс киімдерімді алып кідім де, осылай қарай ұштым... Енді орталарында тұрмын... Жақан қайда кеткен әлгі? Ә, мұнда тұр екесің ғой... Жаңалығыңды сен айтшы алдымен.

— Жаңалық міне мынау. Бірінші паровозды жөндеп болуға жақынбыз, — деді май-май болған алақанын шүберекпен ысқылап тұрған Жақан.

— Мұны білемін. Басқаларын айт.

— Мінеки түзеліп өзің келіп тұрсың,— деді күліп Жақан.

— Вот, нағыз жаңалық! — деп Махметтің өзі де сәксәк күлді.

Бір слесарьмен сөйлесіп отырған Иван Павлович Махметті көріп, сөзі үзіліп, сәл аңырып қалып еді. Балалармен келген бойда құшақтаса кеткен Оразбековтың достары ортасында жайраң қағып тұрғанына сүйсіне қарайды. Балбырап ұйықтап, әдемі түс көріп жатқан баладай көзінің алды жыбыр-жыбыр тартып, қартан жүзі күлімсірей қалып еді.

— Сәләмәтсіз ба, Иван Павлович? — деді Махмет. мастерге қолын беріп амандасып.

— Еге, келіп қалдың ба? Әбден сауықтың ба? — деп қарт мастер оның сауақтарын жалпақ алақанымен қатты қысты. — Бірақ, біз айтпай деноға өзің бұрын келгенің қалай?

— Балаларды сағынып қалдым. Күтіп отыра алмадым, Иван Павлович. Соңсоң міне, жетіп келдім, — деп Махмет шынын айтқанда, Иван Павлович қалын қасын жоғары көтеріп, езу тартып еді. Махметтің мөлір таза көңілін ұғып тұрды. Оразбековтың осы келісі құр қызығу, желігу емес, паровоз жөндеп жатқан жолдастарын, коллективті, еңбекті сүю екені, шынында да, ақыйқат еді...

Жылжып күндер өтіп жатты. Көтере жөндеудің алғашқы күндерінде туған жарыс жалаулай желбіреп алға бастап барады. Бір ғана машинистер жәрдемшісін даярлайтын бөлім емес, социалистік жарысқа паровоз слесары, вагон слесарьлары бөлімдерінің жөндеу тәжірибесіне шыққан барлық оқушылары да қызу келіп қосылған-ды. Депода еңбектің жаңа бір өр толқыны көтерілгендей. Ысыла, үйренс түскен, алға нық-нық аттаған жастар легін көреміз.

Бұл күндері Жарқын аса көңілді жүрді. Ол істе өзінің топтан ерек дара озық кетуін ұнатпайтын-ды. Жекеге емес, көпке ортақ игілікті, қуанышты ерекше қадірлейтін мінезі бар. Жарыстас адамының бір мүдіру шағын аңдып, қалысын тауып ілгері шырқал кетпек ойы жоқ, оған жөн айта, жәрдем ете жолдасының нысанға өзімен қатар келуін мақсат та, мақтаныш көреді. Қазір Саша екеуі тең келеді, жарыстың алғы легінде бара жатыр. «Бәріміз де алда болсақ» деп ойлайды Жарқын.

Бүгін де ол осыны жиі-жиі еске алумен болған-ды. Өз тапсырмасын ертерек орындап кетті де, бу жүретін ұзын түтіктерді — инжекторларды тор көздеп орнатып жатқан Махметтердің қасына келіп: «Халің қалай, Махмет?» деп еді.

— Міне, мынау ең соңғысы, — деп Махмет аппақ тісін ақсыйта күлімдеді. — Үстіңгі инжекторды бекітіп болдым. Кеше бұл кезде екі инжекторды орнатуға уақытымыз жетпей қалған да, бүгін толық үлгірдік... Халіміз өте жақсы!...

Өз істерінің жақсы нәтижесіне қуанып тұрды Махмет. Сабырлы да, ұқыпты. Еңбек мұны қызартып әкеп, шыңдап алғандай. Көптен ерек көрінемін деп дара жөнелетін бұрынғы мінезіне енді ұялатын сыяқты.

— Өздерінде жай қалай? — деп ынтыға сұрады ол Жарқыннан.

— Бізде де өте жақсы, — деді Жарқын көңілді пішінмен.

— Паровоздың қалған жөндеуін кешке дейін бітіре аламыз ба?

— Сөз жоқ!...

Өндірістік тәжірибеге келген оқушылар бірінші паровоздың жөндеу жұмыстарын түс ауа толық аяқтап еді. Сырттан созылып кеп депоға енген жылыр рельстің үстінде алып машина тұр. Жастар ондаған «СО» паровозы осы. Заводтан жаңада ғана әкеп түсіргендей қабырға бүйірлері жалт-жалт етеді. Үлкен дөңгелектерінің аппақ табандары күмістей жалтырайды.

Оқушылар паровозды аңғалай қоршап тұрды. Байқау комиссиясы сыннан өткізеді қазір. Не дер екен олар? Жөндеуден кемістік табар ма? Бала қолынан шыққан іс қой, мына бір жері осал оңдалыпты дей ме? Жоқ әлде... Я, жарайсың жігіттер деп мақтар ма? Бәрінен де қабылдап алғанын айтсаңшы! Жөндеген паровоз жолға әзір. Ұзақ сапарға шығуға дайын, Отан жүгін тартады ол! Өз ісінің жемісін көресің. Бұдан артық қуаныш болар ма!

Осы бір ойлар әркімнің-ақ көңілінде бар еді. Жас жүректер лүпіл қағады.

— Ей, жолдастар, жол берілдер, жол! Паровоздың оң жағына шығындар түгел. Машина арнаулы комиссияның байқауынан өтеді, — деп жайдары Саша Бондарчук тоқты жарып алға шыға берді. Тұрғандар да дабырлай жөнелді:

— Әй, қалай болар екен, ә?

— Жүрегім аттай тулап барады.

— Немесе, қорқып тұрсың ба? Біздің жөндеген паровозымыз байқаудан зырғып өтеді.

— Әрине, әрине, үлкендерден кем түспейміз.

— Бұлай тұрсаңшы. Оң жаққа шық делі ғой саған...

Депо іші гу-гу етеді. Темір жонған қыру станогінің қоңыр үні үлдейді. Ақ бауыр болат жаққалар шыйратыла иіріліп төмен түсіп жатыр. Бір бұрышта электр балға дүңкілдейді. Иван Павлович оқушылардан тыныштық күткендей қолын көтерді. Балалар командамен қарағандай бастарын мастерге бұрып еді. Қарт мастердің әжімді жүзінде терең бір ойдың ізі бардай. Я, оқушылар жүрегінің соғуын ұғып тұр еді ол. Өз түлектері жөндеген бірінші паровозды комиссия қалай бағалар? Сапалы біткен іс деп қабылдар ма? Немесе... Жоқ, мастердің сенімі мол. «Біздің балалар шалағай емес» дейді ішінен Иван Павлович.

Байқау басталды. Тексерушілер машинаның бар тегігін үйдә-үйдә қарап, ежіктей көріп, зерттеп шықты. Енді қазір паровозды жүргізіп байқайды. Иығындағы ақшыл вагонның кішірек үш жұлдызы бар орта бойлы, сұрша жігіт машинист будкасына жып етіп енді де, жоғарғы винтелді бұрап қалды. Оттығы қып-қызыл болып, шоктығындағы жінішке түтіктерінен пысылдап буы шығып тұрған паровоз ішін тартып қалғандай болды.



Қайтер екен, досым! Жарқын золотник ұясына үнсіз ғана қадала қарап тұр. Өзі сындырып алған, өзі жөндеген тетік қой. Аздаған күдіктен де бойы құр емес оның. Қабағы сәл түйіліп, ұзын кірпіктері тік-рейе қалыпты. Диска мен тыянақ шайба берік жымдаспаған болса, осы байқауда бұлардың астасқан жерінен қысылып, ызындап бу шығады. Кім біледі, көрмен сығымдан кеткенде қысылған бу осы тұстан сылау тауып сыртқа ұмтылар. Паровоз — күрделі машина, оны жөндеу жұмысы да күрделі. Осы алып машинаның бір ғана тетігін оңдауға қаншалық дәлдік керек десеңші! Сен жөндеген сол кішкентай бөлшекте бір мін болса, ол паровоздың басқа тетіктерін жұқпалы аурудай-ақ бүлдіреді. «Бір қарын майды бір күмалақ шірітеді» дейді қазақ мақалы. Тап соның кері болады.



Жарқын өз ісіне қаншама сенгенмен, істің ақырын қобалжый тосуда еді. Бір кез алып машина псс-псс етіп дышласын қозғап қалды. Сәлден соң тез-тез деміге тыныстап, баяу ғана ілгері жылжый берді...

Оқушылар паровозға жымың-жымың қарады. Көңілде еш қаяу жоқтай. Иван Павлович мұртын сыйпап күлімден олардың алдында тұр.

Байқау бітті. Тексеруші комиссия оқушылар жөндеген бірінші паровозды сапалы біткен іс деп қабылдады. Бір паровоз алыс сапар шегуге әзір!

Осы хабар жас жөндеушілерді қандай еңбек қуанышына бөледі десеңші, достарым! Балғын жүздері бал-бұл жанып олар бір-бірін ұзақ құттықтап еді.

Иван Павлович балалардың ортасында тұрып алып: — Міне, көрдіңдер ме, балаларым!.. Сүйіп істеген жұмыс әрқашан осылай қуанышқа бөлейді. Еңбегіңнің көркі бұл, — деді көңілденіп.

Сол қуанышты күннің кешінде училище көркем-өнершілерінің сауық кеші болды. Клубқа жая көп жыйналды. Осы көңілді жұртта мол бір еңбек шатығы бардай. Жас жөндеушілер ісіне сүйсінуден туған қуаныш сезіледі.

— Қазір менің балаларымның өнерін көреміз! — деді алдыңғы қатарда отырған Иван Павлович көршісіне мақтанышын сездіріп.

Торғын шымылдық сыр етіп ашылып, екі айрылып, кейін шалқая берді. Бір бүйірден сахнаға шыға келген хабаршы:

— Жолдастар! — деді сыңғыр даусымен, — біздің жас теміржолшылар бір паровозды мінсіз, сапалы жөндеп бітірді. Комиссия қабылдап алды. Осы еңбек қуанышына арналған концертімізді бастаймыз!..

Топ торғайдың дүр етіп үркіп ұшқанындай алақандар соғылып кетті.

— Ертіс туралы ән. Скрипкада орындаушы Жақан..

Ол көп кідірген жоқ, скрипканы көтере ұстап сахнаға шықты. Сұлу Ертіс туралы әсем ән кетті тербеліп. Сым шектен сызыла шыққан әуез қатты сазбен екпіндей келіп бір кез үзіле жаздап төмендеп кетеді. Бірауық сық-сық күлген жұқа толқындай жымыңдай ағады. Өзен бетінде қалқыған қайықтай епті саусақ перне үстінде дірілдейді. Көңіл толқуының қалтыры емес, ән ырғағын құбылтатын қол нақысы. Енді бірде көтеріңкі шуақ үнмен скрипка Ертіс суының қуаң далаға барғанын шертті..

Иван Павлович сәл еңкейе түсіп, үнсіз ғана, қозғалмай тыңдап қапты. Скрипкашының перне үстінде жүгірген жүйрік саусағына көз алмай қарайды. «Біздің балалардың қолы барлық іске де икемді» деп ойлады ол. Сүйініп те, қуанып та отыр.

Скрипка үні сызылып барып үзілді. Енді бір сәтте украин халқының көңілді би күйі кетті. Аккордион тартқан Саша. Махмет бойын жазып, гимнастеркасын түзеп, алақанын сарт еткізіп соғып жіберіп, құлашын жайып, дөңгелене билей жөнеліп еді. Оның музыка әуеніне дәл-дәл келген әр қыймылына сүйсіне басып шұлғып тастап Саша тұр. Ақ саусақтары пернені секіре басады.

Махмет ұзақ биледі.

— Ә, көңілді бала, қара мұның үйірілуін!.. білем, білем сенің қолыңнан бәрі де келеді. Сен паровозды да билетерсің әлі», деп мастер оған кәрі көздері күлмісрей қарайды, өз өренінің әржақты өнеріне қуанады.

Сахнаның сол жағында артистер кіріп-шығатын бөлме бар еді. Шымылдық ығында тұрып Иван Павловичке көз салды Жарқын. Қарт мастер екі қолын айкастырып әкеп алдына қойып, жымыйып отыр. Осы бір ажарынан әкелік сезімнің нұры төгілгендей. Жарқынның есіне үйіші түсті. Өз анасы Жамал да оған осылай қарайтын-ды. Кішкентай тұлғамына үп-үлкен лента тағып алуды сүйетін қарындасы Розаға да сол мейірін төгетін анасы. Жарқын мастер жүзінен осы бір шырайды көрді. Иван Павлович бүкіл оқушыларына жымая қарап отырған сыяқтанады.

«Сізді біз әрқашан да қуантамыз» дейді Жарқынның ыстық жүрегі.

Көңілді би сазы құбыла бұралып, ойнақы қайырылып, көпке дейін есітіліп тұрды..

(Соңы бар)

# Оны түзеген Коллектив



— Мен ата-аналар жыйналысына барамын. Бір жаққа шықсан есікке құлып салып кет, — деп, денелі аксақал ақырын басып есіктен шығып бара жатты. Бұл кісі Момбектің 76 жастағы үлкен әкесі еді. Ол қарт мектептегі ата-аналар комитетінің мүшесі, ата-аналар жыйналысына үзбей қатысып тұрады. Ол кісі бүгін де сол жыйналысқа бара жатыр.

Қүндегі әдет бойынша бұл үйде түстен кейін атасы мен Момбектен басқа үй ішінен ешкім болмайтын. Себебі: Момбектің шешесі сыйыр фермасына, көкесі қызметке, ал, Момбектен үлкен екі қыз бала оқуға кететін. Сондықтан да атасы есікке құлып салып шық деп тапсырып барады.

Атасы кеткен соң Момбек жазу столына отырды да, есеп шығаруға кірісті. Әсем жыйналған кішірек бөлменің тыныштығын кровать үстінде ұйқыда жатқан мысықтың пырылы мен қабырғадағы үлкен сағаттың тықылы ғана бұзып тұр. Бұл дыбыстарға құлағы әбден үйреніп алған оқушы алаңдайтын емес, қағазын үніле жазып отыр. Момбек есеп шығарудың қызығына түсіп, бірсыпыра уақыттың өткенін де аңғармады. Оның зейінін есіктің сықыры бұзды.

Осы сәтте есікті ептеп ашып, жан-жағына сезіктене қарай, үйге Сабыр келді де, Момбектің жазуына қараған боп тұрып құлағынан шертіп қалды.

— Әй, кетші бар, жұмыс істеп отырған адамның ойын неге бөлесің, — деп Момбек қағазын жыйнай бастады.

— Әй, үйдің адамдары әзір келмей ме? Мен саған бір нәрсе үйретейін деп келдім, — деді де Сабыр бөлмені көзімен тағыда бір сүзіп өтіп, пенжагының оң қалтасын қолымен басып қойды.

Бұнысы «жаналығым» жанымда тұр» дегендей боп Момбекке көрсеткен қыры еді.

Өзі де ойнағысы келіп тұрған Момбек досының қалтасындағы «қадірлі» затты көргенше ытығып тұр. Бірақ бұл ойын сездіргісі келмей салмақпен:

— Үйде өзімнен басқа ешкім жоқ. Атам жыйылысқа кетті. Әзір келмейді. Өзім үйге берген тапсырмаларды тегіс орындадым, енді катокка барам, — деп, орнынан тұрып, ықшам денесін қозғап, құрысын жазды.

Момбектің «тапсырмамды тегіс орындадым» деген сөзін естігенде Сабыр желкесін қасып қойып:

— Жарайды мен тапсырмаларды сенен көшіріп ала салармын. Есікті ішінен бекітейік, сонсоң мен саған бір қызық көрсетемін, — деді.

Оның қалтасындағы затты көргенше шыдамы жетпей тұрған Момбек лып етіп барып есіктің ілгегін ілді де, Сабырдың жанына келді.

Есік бекітілген соң еркіндік өз қолына тигендей болған Сабыр қабағын кере:

— Мынаны көрдің бе? — деп қалтасынан бір әдемі портцыгарды суырып алды. — Бұл кешегі біздің үйге қонған қонақтан түсіп қалыпты. Таңертең бұны мен ешкімге көрсетпей қалтама жымқырдым да, сол бетінде оқуға кеттім. Іші «Волга-Дон» деген жана шыққан папироска лық толы. Шіркіннің дәмі қандай дерсін. Тамаша! Кел екеуіміз тартайық, — деп Момбекті қызықтыра түсті.

Портцыгардың әдемілігіне, шылымның атына қанша қызыкса да Момбек:

— Жоқ, мен шылым тартпаймын. Пионер вожатыйы мен класс жетекшісі біліп қойса ұят болады. Көкем де шылым тартушы болма дейтін, ал сенің мына шылым тартқаныңды ертең мұғалімге айтамын, — деді.

Досының мұғалімге айтам деген сөзінен қатты қысылса да, Сабыр сыр білдірмей тұр. Мақсаты оның өзіне де шылым тартқызып, ертіп алу.

— Ей қорқақ! Жамап болса шылымды көкеннің өзі неге тартады. Вожатыйға айтам дейсің ә? Алдыңғы күні оқудан қайтып келе жатқанда Төкенге жаман сөз айтқаныңды мен де айтамын. Шылым тартқан оның жанында түк емес, — деп, Сабыр Момбектің өзіне тарпа бас салды.

Сол жарамсыз қылығын я мұғалім, я үй іші естіп қоймаса еді, — деп өзі қысылып жүрген Момбекке мына сөз ауыр тиді. Енді ол Сабырмен қалай ымыраға келуді ойлай бастады. Момбектің ымыраға жақын тұрғанын сезген Сабыр:

— Екеуміз де ешкімге ештеңе айтпай-ақ қояйық. Тату жүрейік. Ал, тартпасаң тартпай-ақ қой, шылымды өзім тартам, — деді де біреуін тұтатып, түтінді бұрқырата аузынан шығара бастады, ол түтінді біресе дөңгелетіп, біресе будақтатып шығарады. Бұған қызыға қарап тұрған Момбек:

— Егер менің шылым тартқанымды класс жетекшісі біліп қойса қайтпекшімін, — деді.

— Бәрекелді, — деді Сабыр аузындағы шылымды беруге ыңғайлап жатып, — біз көрсетеміз бе?

Бұрын шылым тартып дағдыланбаған Момбек түтінді ішіне жұтам деп нашалып қалды. Жөтелден булығып демала алмай көзінен жаста шығып кетті. Оған шексіз қатып Сабыр тұр.

Осы кезде есік қағылды. Столдың жанында тура қарай алмай сыйпақтап тұрған Сабыр мен Момбекке бір қарап алып атасы:

— Үйге шылымның түтіні қайдан келген? Қайсының оны тартып жүрген? — деп ол кісі отты көзімен бір адырая қарап өткенде-ақ, балалар үндемей мойындап қалды.

Ақтүбек жетіжылдық мектебінің VI-а классының класс жыйналысы басталғалы бір сағаттан аса уақыт өтті. Әлі тарай қоятын түрі жоқ. Оқушылар бірінен соң бірі сөзге шығып Жәментіков Сабырдың тәртіпсіздігін мойнына қойып жатыр.

Стол басында отырған класс жетекшісі Рсалдин орнынан тұрды да, салмақты кескінмен класс бөлмесінің ішін тұтас бір шолып өтіп, көзін Сабырға қадады.

— Ал, Жәментіков Сабыр, — деді ол, — жолдастарың саған дұрыс айтып жатыр. Сен расында сабақты нашар оқыйсың, оның үстіне шылым тартасың, оны басқа оқушыларға үйретесің, өзінді сынап жазған қабырға газетті жыртасың. Міне сенің осы қылықтарыңның бәрі оқушылар ережесін бұзғандық, олар мектеп қабырғасында болумен сыйыспайды. Ал, көні өзін не айтбақсың бұған?

Оқушылардың бағанадан бергі әділ, қатты айтқан сөздері Сабырға өте батты. Ол ұялғанынан басын жоғары көтере алмай отыр. Іштей біресе өзіне-өзі ренжісе, біресе доспын деп жүріп осынша қатты сын айтқан Момбек, Шалғынбай, Түлкібай сыяқты жолдастарына кейіп те отыр. Класс жетекшісінің баптап айтқан зілді сөздері Сабырға ауыр тиді. Өз еркінен айрылып басқа бір күштің жетегінде сүй-

ретіліп бара жатқандай ол, аяғын сылбыр басып тақтаның алдына шықты да, аңырып тұрып қалды.

— Көне не дейсің, — деді тағы да класс жетекшісі.

Басқа оқушыларда үн жоқ, бөлме іші тымтырыс. Барлығы да «не дер екен, тағы да звено жыйналысындағыдай шыға жөнелер ме екен» деген ойда отыр.

Сабыр:

— Мұғалім — деп, жылап жіберді. Өксігін баса алмай тағы да:

— Мұғалім. Мен қателесіппін, жолдастарымның айтқанының бәрі рас, енді соның бәрінен тыйылам. Сабағымды жақсы оқыймын. Егер уәдемде тұрмасам, мені аямаңыздар және Шалғынбай, Момбек, Түлкібайлардың өздері де маған тиіспей жүрсін, — деп булығы көзінің іркілген жасын сүртті.

Шығып сөйлеген сөздерінде «Мектептен шығарылуы дирекциядан сұралсын», «Ісі отряд советінде қаралсын», «Қатаң сөгіс берілсін» деп бірнеше ұсыныс жасаған оқушылар енді Сабырдың сөзін естіп, өз пікірлерінен қайтып қалды.

Сабыр орнына отырысымен:

— Менің бір ұсынысым бар, — деді Күлкеш қолын көтеріп:

Жыйналыс басқарушысы сөз берді.

— Жәментіков барлық қатесін мойнына алды және уәдесін беріп тұр. Енді мұны екінші тоқсанның аяғына дейін бір ай сынға қояйық. Екілерін жойсын. Егер бұрынғысын қайталайтын болса, жазаны соңсоң қолданайық, — деді.

Күлкештің ұсынысы қабылданды.

Класс жыйналысы Сабырдың тәртіпсіздіктен, салақтықтан, дөрекіліктен, қыйқарлықтан бірте-бірте арылуына жәрдемдесті. Бұл жыйналыстағы сөздер оның құлағына әр күні естіліп, уәденді бұлжытпай орында деп тұрғандай ақылшы болды. Соңғы кездерде Сабыр тіпті өзгерген. Ол өміріне енген өзгерістің алғашқы қадамын уақытын дұрыс пайдалана білуден бастады. Оқушылардың сүйікті ісінің бірі — таңертеңгі гимнастикалық жаттығуларды үзбей жасап жүретін болды. Мектептен келген соң тынығып алып, ол сабағын дайындайды, бос уақытында үй шаруасына көмектеседі, қоғам жұмысына да жақсы қатынасады. Класс жыйналысының ақылымен жүріп Сабыр күннен күнге түзеле берді. Ол уәдесін орындады. Екінші тоқсанның қорытындысында 3 сабақта төрт, қалғандарынан тегіс бес деген баға алды. Сөйтіп Сабыр коллектив талқысымен түзеліп жақсы оқушы қатарына қосылды.

*Асан Нұмалдідин.*

Қарағанды.



Москваың М. В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінің жаңа үйі.

## ҒЫЛЫМ САРАЙЫНА САЯҚАТ

Т. Дарқанбаев,  
биология ғылымдарының докторы.

Москва қаласының оңтүстік батыс беткейінде атақты Ленин таулары бар. Бұл таулар сол төңіректегі ең биік және сәулетті, жастардың қыста шаңғы теуіп, жазда саяқат жасайтын, сүйікті жерінің бірі. Ертеректе орыстың атақты ұлдары Герцен мен Огарев осы таулар төбесінде еңбекші халықтың бостандығы үшін, Отанымыздың бақыты үшін күресеміз деп бір-біріне ант бергенді. Бұл күндері Ленин тауларының даңқы бұрынғыдан да артқан. Оған баруға әр адам ынтығады, үйткені ол жерде Москва университетінің 32 қабат зәулім үйі—тамаша ғылым сарайы салынды.

Москваың қай жағынан келсеңіз де, қай жерінде тұрсаңыз да, бұл үйдің аспанмен таласқан мұнарасы, аққудай әсем келбеті көзіңе түсіп, көңіліңді өзіне аудармай қоймайды. Мұндай үй бұрын-соңды еш жерде, еш елде болып көрген жоқ. Ғылым сарайының тек сырт көрінісі, сәулеті ғана адамның көзін тойғызып, жүрегін шаттыққа бөлеп бітеді.

Ал, сол ғылым сарайының іші қандай десеңізші! Оны білу үшін балалар, сіздермен бірге

бұл үйдің ішін аралап, саяқаттап шығайық. Оны аралап, ішін көріп шығу жеңіл жұмыс емес, үйткені ішінде 48 мың бөлме бар. Әрбір бөлмеге 10 минут тоқтағанның өзінде ғылым сарайын түгел аралап көріп шығу үшін ең кемінде бір жыл уақыт керек болар еді. Ондай бос уақыт ешкімнен табылмас. Онан да бұл үйге экскурсияға барып үш-төрт сағат ішінде барлық керекті жерін тамашалап көріп шыққан қолайлы. Осы ниетпен бір топ казакстандық ғалымдар ғылым сарайын көруге талап еттік. Біздің көбіміз Москва университетін ертеде бітіріп осыдан білім тәрбие алып шыққан болатынбыз. Сондықтан өз университетіміздің жаңа үйін көру бізге ерекше қуанышты еді.

Ғылым сарайымен таныстырып жүрген жас инженер жігіт, осы үйдің үлкендігін көрсету үшін мынадай мысал келтірді. «Жаңа туған бала ғылым сарайының әрбір бөлмесіне бір түнеп шыққанның өзінде ол бұл үйден 65 жасқа толып, әбден шал болғанда ғана шыға алады екен» — деді. Ғылым сарайының үлкендігін көрсету үшін тағы бірнеше мысалдар келтіріп

өтелік. Бұл үйдің биіктігі бұлтпен таласады. Негізгі орталық корпусының биіктігі 32 кабат, оның төбесінде алтын жұлдызды мұнара бар. Негізгі биік корпусының екі жақ бүйіріндегі қанат бөлшектері — 18 кабаттан.

Бұл үйдің еденіне төселген тактайдың ауданы 42 гектардан асады, коридорының жалпы ұзындығы 140 километр. Мұны жаяу аралап шығу, Алматыдан Шлік поселкасына дейін жаяу жүріп барғанмен тең болар еді. Бұл үйдің көптеген бөлмелеріне су, газ, ауа келтіріп тұратын неше түрлі трубалар бар, олардың ұзындығы екі мың километрден асады. Университеттің осы негізгі биік үйінің жанында химия, биология, физика факультеттеріне арналып жеке-жеке корпустар салынған. Орталық биік корпусте механика, математика, география, геология факультеттері, ректорат, ғылыми кітапхана, клуб, спорт залы, актовый зал және су бассейні болмақшы. Университеттің өзге филология, философия, тарих, экономика факультеттері көшпей, бұрынғы ескі үйінде қалмақшы. Негізгі биік корпусының екі жақ қанаты оқушылар мен профессорларға пәтер, жатақ үйлер болып бөлінген. Мұнда әрбір студент жеке бөлмеде тұрады, ондай бөлме саны 5754. Оқытушы — профессорларға 184 пәтер салынған.

— Студенттер тұратын бөлмелерді көрсетсеңіз екен? — деп тілек қойдық біз бастаушыға.

— Жаксы олай болса оналтыншы кабатқа көтерілейік — деді ол.

Ғылым сарайының жоғарғы кабаттарына жаяу көтерілуге болмайды. Ол биік тауға шыққанмен бірдей. Оған көтерілу үшін арнаулы механизм — лифтілер бар. Мұндай лифтілердің саны жүзден асады. Біз бірінші кабаттың негізгі вестибюліне келіп тоқтадық. Алдымызда 24 лифт машинесінің есігі көрінеді. Бірінші рет келген адам мұның қайсысына отырарын білмей, қапелімде сасып қалуы мүмкін. Сөйтіп, аң-таң қалып тұрғанда лифт есігінің мандайында жарық еткен электр жарығына көз түсті. Бұл жарық үшкірлене қозғалып келе жатқан бетінде цифрлар жапарып тұрады. Бұл лифт кабинасының қай кабатта келе жатқанын көрсететін қабаршы құрал жарығы болып шықты. Мұндай қабаршы жарық барлық кабатқа орнатылған. Қабаршы жарық зымырап төмен ақты, лифт кабинасы бірінші кабатқа келіп тоқтады. Мәне лифт есігі өзінен өзі ашылды да біз кабинаға кірген соң қайта жабылды. Лифт ішінде кнопкалар тізіліп тұр, біз 16 кнопканы басып қалдық. Машина зымырап жоғары көтеріліп бізге керекті 16 кабатқа тоқтады. Есік өзінен-өзі ашылды, біз шықтық. Есік осы ашулы қалпында бір минут

адам күтеді. Егер осы уақыттың ішінде ешкім келмесе ол қайта жабылып машина төменгі, бірінші кабатқа түсіп кетеді. Ал, жолдағы кабаттың бірінде адам тұрғын ол, қабаршы жарық арқылы білдірсе, машина тоқтап, сол адамды мінгізіп әкетеді. Сүйтіп, ғылым сарайының «алыс» жерлеріне, биік «дөңдеріне» ерсілі-қарсылы жүріп аққан, «жүйрік» лифт — машиналар.

Біз барған уақытта жана үйге әлі ешкім кірмеген екен, бірақ сонда да оқушылар бөлмелерінің мебельдері орындарына қойылып, иелерін қарсы алуға әзір тұр. Студенттер бөлмесінің бәрі бірдей, әрқайсысының ішінде кітап қоятын шкаф, киім және тамақ сақтайтын шифонер, отыратын орындық, жазу жазатын стол бар, полда жұмсақ кілем төселген. Жұмсақ кровать тұр, оны күндіз диванға айналдырып, демалып отыруға да болады. Екі студенттің бөлмесін қосып тұратын ортақ коридор бар. Коридорда телефон, айна және шомылатын, тазаланатын бөлмелер бар. Сөйтіп, бұл ғылым сарайында жастардың оқып еңбектенуіне, шаршағанда жатып демалуына адам айтқысыз тамаша жағдайлар туғызылған.

Бұдан кейін біз жастардың оқыйтын, ғылыми еңбектенетін лабораториясы, кабинеттері, лекция залдарымен және кітапханасымен таныстық.

— Университеттің жана үйінде 106 лаборатория бар. Бұрынғыға қарағанда лаборатория саны 8 есе өсті, — деді бізге түсінік беріп жүрген жігіт. Кейбір залдарда 600 адам бірден отырып лекция тындайды, ондай лекция залдары саны 18. Онымен қатар 125 кіші зал бар. Лекция оқылатын үлкен залдарда ғылыми-кино көрсететін арнаулы установкалар қойылған. Лекцияның тақырыбына байланысты ғылыми-фильмдер көрсетіліп отырылмақ. Профессордың оқып тұрған лекциясын жазып отыратын аппарат бар, ол лекцияны әрбір студент үйіне алып оқып, сабағын пысықтауға толық мүмкіндік береді. Жана үйдегі лабораториялар техниканың соңғы табыстарына сүйеніп жабдыкталған. Әр лабораторияға ыстық, суық, су, түрлі керекті газдар үздіксіз келіп тұрады. Химия факультетінің лабораторияларына Менделеев таблицасындағы элементтер қасиетін электр жарығы арқылы баяндап, онай түсіндіретін құрал қойылған. Жастарды осы күнгі техника жаңалықтары, оның түйінді мәселелерімен таныстыру үшін көптеген құралдар, макеттер жасалған. Мысалы, судың күшін пайдалануды көрсету үшін, арнаулы гидрология лабораторияларына, кішкене «теңіз», ақпа «өзен», жасалып оның үстіне плотина, электростанциялар қойылған. Отанымыздың шексіз көп табиғат байлықтары — жер, орман, кен, тау-



тас, өсімдік жануарларын көрсету үшін, көптеген экспонаттар, карталар, макеттер жасалған. Жастарға білімді, өнерді, техниканы үйрету үшін бай бұйымдардың бәрін айтып жатуға уақыт жетер емес. Ғылым сарайының қай бұрышына барсаң да байлыққа таң қаласын.

Аспанда жүре беруіміз жетер, төмен түселік енді. Лифт машинасы ілезде бірінші кабатқа әкеп түсірді. Мұндағы актовый зал, атақты Советтер үйінің колонна залынан бір жарым есе үлкен. Залдың іші жайнап тұр: қымбатты суреттер, самсаған люстерлер, жұмсақ плюшпен қапталған орындық-креслолар — бәрі осыдан табылып жатыр. Ақ мрамор тасына киініп сымбатты колонналар қатарласа төбе тіреп тұр. Актый залдың алдыңғы фоеінде дүние жүзінің көрнекті ғалымдарының қымбат тас-тан құйып жасалған портреттері орнатылған. Орыстың атақты ғалымдарының бюстары да осында.

Бұл үйдегі жастардың оқудан жалыққанда, мәдени демалу, ойын-сауық құру, кино көріп көнілін көтеру үшін алысқа барудың қажеті жоқ. Өздерінде, үйдің төменгі қабатында үлкен клуб бар, оның ішкі көркемдігі ешбір театрдан кем емес.


Совет жастарының сүйікті ермегінің бірі спорт. Ғылым сарайында спортқа керекті жағдайлар түгел жасалған. Онда спорттың қандай тарауын болсын, ойдағыдай ұйымдастыруға болады. Бұл жөнінде бізге әсіресе ғылым сарайының ішіне орнатылған су бассейні ұнады. Бұл бассейн қыстың суық күндерінде су спортымен шұғылдануға, жүзу өнерін үйренуге мүмкіндік береді.

Ғылым сарайының көптеген ішкі жұмыстары автомат-машиналар арқылы істеліледі. Мысалы: жоғарғы қабаттағы бөлмелерге су қуатты насос күштерімен жеткізіліп тұрады. Үй ішін сыпыру, шаңын тазарту — бұл да машина күшімен істеледі. Қала берсе жұмыстың ең жеңіл терезенің пердесін ашып-жабу ол да адам қолымен емес, машина арқылы істеледі. Ғылым сарайы — совет техникасының зор табысы.

Кітапхана ғылым сарайының құрметті төрінен орын алған. Оныншы қабаттан 21-кабатқа дейін кітапхана. Оның төңірегінде самсаған оқу бөлмелері. Әр факультетте кітапхана бар. Мұндағы бір тамаша нәрсе, әр оқушы өзінің тілеген кітабын 10 минуттың ішінде алады, ұйткені кітап беру жұмысына да жана автомат әдіс қолданылған.

Ғылым сарайы, қосымша құрылыстарының бәрін есепке алғанда, 320 гектар жер алып тұр. Биік үйдің жанында ботаника бағы, стадион, жаңа үлкен бассейн — көл жасалып жа-

тыр. Университеттің қазіргі жаңа үйінің ауданы ескі үйінің ауданына қарағанда 80 рет артты. Мұндай жер байлығы шет университеттерінің ешқайсысында кездеспейді. Американың атынулы Колумбийск университеті, барлығы 22 гектар ғана жерге тығылып отыр.



Актый зал

Күн кешке айналды, біз ғылым сарайынан шығып экскурсияны бастаған жігітпен қоштастық. Бірақ ғылым сарайынан әлі де көз айырғымыз келмейді, оның барлық сымбатты тұлғасын жүрекке тоқып әкеткіміз келеді. Көзіміз үйдің маңдайындағы сағатқа түсті. Ол жерден 70 метр жоғары тұр. Бұл сағат жай сағат емес, «алып» сағат. Оның салмағы тоғыз тонна, әрбір минуттық стрелкасының ұзындығы — төрт метрден асады.

Ғылым сарайына карап тұрып:

Жастардың білім алуына осындай тамаша жағдай туғызғаны, озат совет ғылымның өсуіне қамқорлық жасағаны үшін, Коммунист партиясына, Совет үкіметіне шын жүректен алғыс айтасыз. Мұндай дәуір ескерткіші боларлықтай ғылым сарайын салдырған Ұлы Отанымыздың күшіне бас игің келеді. Біздің, көп ұлтты совет жастарының, бақыты, игілігі үшін жүрегің қуанышқа толады. Мындаған советтік бақытты жастары ғылым сарайының есігін ашып, оның байлығына ие болады, білім, өнер үйренуге жұмылады.

Қайырлы қадам. Бұл бүкіл совет халқы үшін, советтік ғылым үшін үлкен мереке.

## Джеймс ★ Эндикотт



Джеймс Эндикотт — бейбітшілік жолындағы дүниежүзілік қозғалыстың көрнекті қайраткерлерінің бірі.

Ол 1898 жылы Қытайда туды. Джеймс Эндикоттың балалық шағы да сонда өтеді. Ол Торонто университетінің тарих факультетін үздік бітіріп шығады. Дүниежүзілік соғыстың кезінде солдат болады. Джеймс Эндикотт 22 жыл бойы Қытайда Канаданың бірлескен шіркеуінің миссионері болып қызмет

★ етеді. Қытайда болған кезінде ол Қытай халқының өмірімен жете танысады, оның тілін үйренеді.

Джеймс Эндикотт 1947 жылы Қытайдан Канадаға келеді. Қытай халқының адал досы Эндикотт Канадаға келгеннен кейін де онымен байланысын үзбейді. Ол канада үкіметінің гоминданшыларға қаржылай көмек беруіне қарсы шығады. Канаданың көптеген қалаларын аралап, халықты гоминданшыларға көмек беруге қарсы күреске шақырады. Джеймс Эндикотт шығыс халықтарының ұлттық-азаттық жолындағы күресте жеңіске жетуі бейбітшілік ісінің нығая түсуіне үлкен үлес қосатындығын жақсы түсінді. Торонто қаласында Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 30 жылдығына арналып өткізілген митингте ол: «Азия мен Африканың халықтары езушілерден азат етілмейінше дәйекті бейбітшілік болуы мүмкін емес. Уолл-стриттің ешқандай тежеуіне қарамастан олар азат болады» деді.

1949 жылы Канадада бейбітшілік үшін күрескерлердің бірінші съезі болды. Съезд бейбітшілікті жақтаушылардың Ұлттық конгресін құрды. Оның председателі болып Джеймс Эндикотт сайланды.

Қытайлық достарының шақыруы бойынша Эндикотт 1952 жылы Қытайға тағы да барып қайтты. Ол жаңа өмір орнатушы Қытай халқының бейбіт еңбегін, тарихи жеңістерін өз көзімен көріп, шын жүректен қуанды. Сонымен бірге ол мұнда америкалық қаракшыларының жан-түршігерлік жауыздық әрекеттерін — бактериологиялық қаруды қолданғандықтарын көрді.

Джеймс Эндикотт бейбітшілік жолындағы күресті — адам баласының келешегі үшін, болашақ ұрпақ үшін жүргізіліп отырған күрес деп түсінеді. «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлық алғанда ол былай деді: «Бұл сыйлықты және бейбітшіліктің барлық сыйлықтарын беру бүкіл дүние жүзіндегі балалардың сәулетті болашағы жолындағы күреске қуат береді».

А. Алғазин.

## Ертіс бойы

Бұл күні балалар әдеттегіден де ерте тұрды. Олардың сырт бейнесінің өзі-ақ жолға шығуға дайындалып жатқандықты айғартқандай. Жол киімдерін киіп, жорық сумкалары мен қапшықтарын арқасына таңып алыпты. Мойындарында ұқыптылықпен әдемілеп байланған пионер галстуктері желбірейді. Балалар мектеп ауласына жыйнала бастады.

Таңертенгі сағат алтыға таяп қалған мезгіл. Жазғы күн ауыл сыртындағы ну қайыңды орманнан жоғары көтеріліп, ауыл үстіне сәулесін түсіре бастады. Таңертенгі шық күн сәулесімен шағылысып, көз ұялтады.

Балалар түгел жыйналып болған. Олар жетеу еді. Барлығы да Шыңғыстау орта мектебінің оқушылары. Олардың ішінде интернатта тәрбиеленгендер — Асанхан Сәрсембаев, Құрманай Нұрмолдин, Марьям Көккөзова, Галя Рахметова, колхозшылардың балалары — Марьям Өскембаева, Лұқпан Бөктербаев, Қарпат Сұлтақанов бар.

Барлығы да көңілді. Емтихандарын жақсы бітіріп жазғы демалысқа шыққан. Олар енді Өскемен СЭС-іне саяқат жасамақ.

Жол тым қысқа еместі. Осыдан шыққан бетте олар аудан орталығы — Катон-Қарағай селосына баруға тиіс. Одан машинаға мініп Өскеменге сапар шегеді. Үш жүз елу километр жол жүру керек.

Бұл балалардың ішінде мұндай ұзақ жолға шығып көрген бір де біреуі жоқ еді. Сонда да бұл саяқат оларға ешқандай қорқынышты көрінбеді. Олар өздері газеттен көп оқып білген, радиодан талай тыңдаған өндірісті Өскемен қаласын, жана Су электр станциясын көруге асықты.

Ауылдан шығатын жол орман ішімен жүретін-ді. Жазғы күннің ыстығы айналасы күйдіріп барады. Ағаштар жасыл жапырағын жамылып, күн көзінен бой тасалағандай мүлгіп тұр. Баяу соққан жел көкке бөленген орман ішінің хош иісін мұрныңызға алып келеді. Ағаш арасындағы аландарда гүлдің әр түрі ұшырайды. Балалар жолдан бір-бір бума гүл жұлысып алды да, машина үстінде көңілденіп әндетіп кете барды. Олар Катон-Қарағайға қалай жеткенін де байқаған жоқ.

Шыңғыстаулықтар бұл жерден Катон орта мектебі мен Урыль жетіжылдық мектебінің экскурсияға бара жатқан оқушыларына кездесті. Олар тез танысып достасып кетті. Ертісіне бұлар екі машинаға отырып, жолға шықты.

Жас саяқатшылар Өскеменді түгіндеп тұрған биік труба мен соғыстан кейін салынған

заводтардың жаңа үйлерінен таныды. Бұлар жүретін жол үстінде ерсілі-қарсылы ағылған машина. Ағаш артқан, кірпіш тасыған машиналардың талайы кездесті бұларға. Құрылыс ісінің қайнап жатқаны осының өзінен-ақ байқалғандай.

Саяқатшылар қалада ұзақ болған жоқ. Аздап дем алған соң олар Аблакетка поселкасына жүріп кетті. Ал, Өскемен су электр станциясы алып жататын. Жол анау жақтан айналып тұратын. Автобус Ертістің оң жақ жағасымен жүрді. Экскурсияны басқарушы балаларға жол жайын әңгімеледі.

— Қазір біз жүріп келе жатқан жол бұрын жоқ болатын. Бұл жерді биік шыңның жалғасы алып жататын. Жол анау жақтан айналып өтетін. — Ол тау жақты нұсқады. — Ал қазір жолдағы тауды бұзып алып тастап, Аблакеткаға тікелей жүретін жол салынды.

Экскурсияны Шыңғыстау орта мектебінің физикадан беретін мұғалім Тұмарбаев Әутәліп бастаған. Ол балаларды құрылыстың комсомол комитетіне алып келді.

— Қай жақтан келдіңіздер? — деп сұрады бұлардан комитетте отырған ұзын шашты қыз.

— Катон-Қарағайдан.

— О! Алыстан келген қонақ екенсіздер ғой... Сіздерді экскурсияға мен өзім бастап алып шығайын. Мақұл ма?

— Әбден, мақұл.

— Кеттік онда!

Шыңғыстаулықтар бастаушы мен мұғалімнің соңдарынан ерді.

— Біз Ертіс электр станциясы құрылысының басқармасынан шықтық, — деді қыз. — Бұл осы араға алғашқы салынған үйлердің бірі. Оның үстіне шықсаң, бүкіл поселок көрінеді. Анау екі этажды әдемі үй — онжылдық мектеп. — Бұдан кейін қыз жас саяқатшыларды поселоктың жаңа клубымен, мәдениет және демалыс паркімен, қарт мичуринші Панкратьев баптайтын жүзім плантациясымен таныстырды.

— Бұрын бұл жерде не болған? — деп сұрады алтыншы класс оқушысы Марьям Көккөзова.

— Бұдан бұрын бұл жерде айналасында көз тартар түгі жоқ, сыйықсыз бірнеше жер үй болатын. Тек бұдан бірнеше жыл ғана бұрын партияның шақыруымен Өскемен су электр станциясы құрылысына байтақ еліміздің түк-

☆ Педагог жазушы



Өткен жылы қазақтың оқу-педагогикалық баспасы қарт жазушы, көрнекті педагог Спандияр Көбеевтің «Орындалған арман» атты жаңа кітабын басып шығарды. Жазушы өзінің ұзақ жылдық педагогикалық қызметі жайын шығармаға өзек ете отырып, бұл кітапта қазақ халқының өткендегі өмірі мен қазіргі советтік дәуірін әңгіме етеді.

«Орындалған арман» С. Көбеевтің бірінші кітабы емес. Ол өзінің шығармалары мен көптеген мақалалары арқылы оқушы жұртшылыққа көптен таныс.

С. Көбеев 1901 жылдан бері мұғалім болып істеп келеді. Өзінің оқытушылық қызметінің алғашқы кезінен бастап-ақ ол артта қалған қазақ аулына «Мәдениеттің шам-шырағын жағуды» арман етеді. Бұл жолда ол бұқара халықпен тығыз байланыс жасайды. Жергілікті атқарушылар, әкімдер Спандиярдың бұл қызметіне қарсы болады, оған өкім-зорлықтар көрсетеді.

Өзінің ағартушылық қызметіне С. Көбеев орыстың классикалық әдебиетін пайдаланады. Ол елге А. С. Пушкиннің «Дубровский» мен Н. В. Гогольдің «Өлі жандарын» әңгімелеп айтып беріп таратады. Ел ішіндегі бай, молда, ұлықтарды әшкерелеу мақсатымен Крыловтың мысалдарын аударады. Оның Крыловтан аударған 40 шақты мысалдары «Үлгілі тәржіме» деген атпен 1910 жылы Қазан қаласында басылып шығады.

Бұдан кейін С. Көбеев Ыбрай Алтынсариннің үлгісімен қазақ балаларына арнап оқу кітабын құрастырады. Ол «Үлгілі бала» деген атпен 1912 жылы басылады. Оған жазушы өз жазғандарын, орыс әдебиетінен үзінділер, ауыз әдебиеті нұсқаларын кіргізеді.

1913 жылы С. Көбеевтің «Қалың мал» романы басылып шығады. Романның негізгі тақырыбы — революциядан бұрынғы қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздік, қазақ әйелінің бас бостандығы мәселесі. «Қалың мал» — қазақ әдебиеті тарихындағы прозалық тұңғыш кесек еңбек, алғашқы роман. Сондықтан да XX ғасырдың бас кезіндегі демократиялық әдебиеттің өкілі есебінде С. Көбеевтің көрнекті орны бар.

С. Көбеевтің ұлы арманы Совет өкіметі тұсында іске асты. Ол мәдениетті халықты, гүл жайнаған Отанын көріп шаттанды. 1944 жылы С. Көбеевке «Қазақ ССР-ына еңбегі сіңген оқытушы» атағы берілді. Ол екі рет Ленин орденімен наградталды.

С. Көбеев — қазақ халқының көрнекті педагог-жазушысы.



пір-түкпірінен совет адамдары келе бастады. Бұл құрылыс таяуда ғана іске қосылды. Ол кенді Алтайдың өндіріс орындарына, колхоздарға электр қуатын береді.

— Электр станциясының өзі қайда? — деп сұрады бесінші кластың оқушысы Карпат Сұлтанов. Ол экскурсияға шыққандардың ішіндегі ең кішісі болатын.

— Бес-он минут шыда... Көресің оны...

Шынында да көп уақыт өткен жоқ, саяқатшылар ғажайып бір көрініске тап болды.

„Өзеннің бір жағасынан екінші жағасына



Өскемен су электр станциясының қарт құрылысшысы Емельян Семенович Решетов балаларға әңгіме айтып отыр. Суретті түсірген *М. Галкин*.

қарай суды жара салынған сұрғылт түстес үлкен плотина көз тартады. Өзен суы турбинаның қалақтарын айналдырады да, өзі электр қуатына айналады. Станция үйінен жан-жаққа гарап жатқан электр линиялары. Олар фабрик-заводтарға, қаланың өндіріс орындарына ток береді.

Долы Ертісті жөнү ісі де оңайға түскен жоқ. Бұл алып құрылысты салу үшін алты жүз мың

кубаметр бетон жұмсалды, екі жарым миллион кубаметр жердің топырағы (мұның біразы тасты жер) алынды, жыйырма бес мың тонна шамасында металл конструкциялар мен арматуралар пайдаланылды.

Жас саяқатшылар плотина маңынан ұзап шықпай, айналшақтай берді. Олар адам күшіне мойын сунған долы Ертіске қызығуда болды. Қандай күш екен бұл өзенді бөгеген!

Балалар кеме жүретін шлюз бен су бөгелген жерді де аралады. Бұл жолы да жас саяқатшыларды комсомол комитетінен ертіп шыққан қыз бастады. Олар әуелі шлюзге барды. Оның биіктігі 15 этажды үйдің биіктігіне тең екен. Бұл — біздің еліміздегі алып құрылыстардың бірі.

Пионерлердің бұл сапары сәтті болды. Олар шлюзбен «Генерал Ватутин» жолаушы пароходы өтетін кезге дәл келді де, шлюзбен пароходтың қалай өткенін көрді. Шлюздің төменгі басынан металл қалқан көтерілді де, пароход шлюздің камерасына кірді. Бұдан кейін қалқан қайта төмен түсті.

Пионерлер басқышпен өрмелеп, шлюздің жоғарғы басына да шықты. Бұл жерде тұрып жан-жақты бақылау тіпті оңай екен. Камераның суға толуын, пароходтың өтуін көрді олар. Камерадағы су беті су сақталатын жердегі су бетімен теңелгенше пароход жоғарылай береді. Қалқан енді екінші жағынан көтеріледі. Сөйтіп пароход «Ертіс көліне» шығады.

Ертіс көлі! Бұл — саяқатшылардың ең соңғы демалар орны. Байланған су кең шалқып, тау арасын толтырып жатыр. Мәлдір су бетін желпи ескен жел толқы-

тып, көгілдірлендіріп көрсетеді. Мұнда катерлер мен қайықтар жүзеді.

Құрманай Нұрмолдин саяқатты есте қалдырарлықтай бірсыпыра суреттер де салып алыпты. Оны өзінің мектептес достарына көрсетпекші. Саяқатшылардың әрқайсы-ақ блокноттарына әртүрлі көргендерін жазды.

*Георгий Иодко*

# Бір мектептің спортшылары

## ОСЫ ОЙЫН ДА ҚЫЗЫҚ ПА?

1947 жылы оқу жылы басталғанда Арал қаласының Крупская атындағы орта мектебіне жаңа мұғалім келді. Ұзын бойлы, денелі, ықшам киінген адамға оқушылар алғашқы күннен-ақ қызыға қарады. Әр класс оның сабағын асыға күтті.

Жаңа мұғалім жаналық әкелді.

Кезекті сабақтың бірі VI класта өткізілді. Мұғалім қонырау қағылысымен балаларды мектептің ауласына шығарды да бір үлкен, бір кішкене допты ортаға қойды. Класс екі топқа бөлінді Бірінші топқа бөлінгендер екі бөлініп қарама-қарсы тұрғызылды. Бұларға мұғалімнің көрсеткені: допты белгілі орынға дейін шапшаң жүгіріп отырып теуіп жеткізу ғана болды. Ал, екінші топқа бөлінген балалар кішкене допты белгілі нысанаға лақтырып тигізуі керек болды. Бұл ойын алғашқыда балалардың барлығына да әрі оңай, әрі қызықсыз көрінді.

— Осы да ойын ба, ешбір қызығы жоқ...

— Мен мұндайды бұрыннан-ақ білетінмін, — деген сөздер де естіліп қалды.

Істің қыяны іске кіріскенде сезілмей ме?

Балалардың әрқайсысы допты олай-былай бір-екі рет апарғаннан кейін бұл істің оңша оңай емес екендігін білді. Олардың бірсыпырасы тез жүгірем деп допты не алдына алысқа жіберіп қойып, не мүлт теуіп, бұрып алды.

Енді оларды қызықтырған «Бұл не үшін керек?» деген сұрақ болды.

45 минут тез-ақ өтті. Сабақ соңында Иван Данилович балаларға:

— Бұл — футбол және баскетбол ойындарының алғашқы жаттығулары. Болашақта сендердің барлықтарың да спортшы болуларың керек. Шеберлікке үйрену осындай жаттығулардан басталады, — деді.

Мұндай қызықты сабақтар барлық кластарда өткізіліп жатты.

## ҰЙЫМДАСҚАН ҚОЛЛЕКТИВ КЕРЕК

Спортпен әуестенушілердің қатары барған сайын өсе берді. Енді тіпті әр кластан бір команда құруға болушы еді. Ол үшін ұйымдастыру, жаттығу жұмыстарын жүргізу керек. Мұның барлығын бір кісі үлгірмейді. Сондықтан Иван Данилович Шульга комсомол ұйымымен келісе отырып, спорт советін құрды.

Совет алғашқы күндерде-ақ оқушылар арасынан әртүрлі секциялардың жетекшілерін іріктеп алып, олармен арнаулы семинар өткізді. Сөйтіп, көп кешікпей бірнеше секциялар

жоспар бойынша үздіксіз жаттығулар жүргізе бастады.

Оқушылардың алғашқы жарысты мектеп бойынша өткізілген волейбол жарысынан бастады. «Мектеп чемпионы» деген атаққа ие болуға әркім ұмтылды. Бұған 8 команда қатынасты. Осы алғашқы өткізілген кішкене жарыстың өзінен де балалардың спортпен шұғылдануға ынтасының зор екендігі байқалды.


Коллективті құру, оларды спорт өнеріне жаттықтыру оқушыларды тәртіптілікке, ұқыптылыққа да баулыды. Бұл жаттығулар сабақ үлгеруін жақсартуға да себін тигізді.

## АЛҒАШҚЫ ТАБЫСТАР

Келесі жылы мектептің командасы жеңіл атлетикадан аудандық жарысқа қатынасты. Бұл жарыста жастар коллективі ауыспалы приз бен алты грамот алды.

Мектеп спортшылары онан кейін облыстық спартакиадаға әзірлене бастады. Бұл коллективтің әрбір мүшесі үшін үлкен жаналық еді. Бұған дейін бірде-бір оқушы бұл мектептен облыстық жарыстарға қатынасып көрген жоқ еді.

Сондықтан да жауапты сынға әзірлік өте мұқият жүргізілді. Жеңіл атлетикашылар әртүрлі қашықтыққа жүгірудің, найза, ядро, диск лақтырудың, секірудің техникасын меңгеру үшін көптеген жаттығу жұмыстарын жүргізді.



Крупская атындағы орта мектептің спортшылары

Жастар еліміздің атақты спорт шеберлерінің жүгірудегі я болмаса секірудегі әдістерін көрсететін кинограммаларды талдап, олардың әдістерімен танысты.

Қажырлы еңбек игілікті нәтижеге жеткізді. Оқушылардың облыстық спартакиадасында

мектептің командасы бірінші орынға ие болып, бірнеше оқушылар спорттық разрядтың нормасын орындап шықты. Мектепте спортшылар қатары барған сайын артып, көптеген оқушы ГТО және БГТО значоктеріне норма тапсырды, разрядты спортшы атағын алды.

## РЕСПУБЛИКА РЕКОРДШЫЛАРЫ

Астананың Максим Горький атындағы демалыс және мәдениет паркіндегі су станциясында жасөспірімдердің жүзуден республикалық жарысы өтіп жатты. Су жолының болашақ шеберлерінің әрқайсысының табысын көрушілер қуанышпен қарсы алуда.

Жарыстың соңғы күні. Бірінші орын үшін алғашқы кезден бастап-ақ астана спортшылары мен қызылордалықтар күреске түскен еді. Соңғы күні қызылордалықтар едәуір алғашықты. Олардың командасының мүшелерінің әрбір жүзуі жаңа табыстарға жеткізді.

Жарыс аяқталды. Жарыста озып шыққандар ортаға жекелеп шақырылып, грамота мен чемпионның қызыл майкасы беріле бастады. Жас спортшылар Роза Ешкенова мен Евгений Губенко алаң орталығына үш рет шақырылды. Олар Арал орта мектебінің оқушылары еді. Талапты спортшылар бұл жарыста 6 республикалық рекорд жасады. Облыс атынан келген мектептің командасы республика бойынша жүзуден бірінші орынға ие болды. Сөйтіп, мектеп оқушылары республиканың таңдаулы спортшыларының қатарына қосылды.

Бұл табыстар оңай қолжеткен табыс болған жоқ. Теңіз жағасында тұратын балалардың барлығы да жүзе біледі. Бірақ, жай жүзумен спорттық жүзудің арасында көп айырмашылық бар. Мұны жақсы түсінген мектеп оқушылары Иван Даниловичтің басқаруымен теңіз жағасына қарапайым су станциясын жасады. Сөйтіп, жүзудің түрлі әдістерін үйренді. Үзбей, өз шеберліктерін үлемі арттыру оларды елеулі табыстарға жеткізді.

Мектеп директорының кабинеті. Бұл кабинетке кірген адам сүйсінбей шықпайды. Төрдегі шкафта 9 приз, арнаулы альбомда мектептің командасы мен жеке спортшылар алған 92 грамота бар. Бұл прирдар мен грамоталар — жас спортшылар коллективінің аудандық, облыстық, республикалық жарыстардағы табыстарының айғағы.

Мектеп коллективі өздерінің чемпиондарын мақтаныш етеді. Толя Петинцев ядро лақтырудан, оның қарындасы Валя 500 метрге жүгіруден облыс чемпиондары. Ал, Виктор Назаров өткен жылы жүзудің барлық түрінен облыстық рекордтарды жаңартты. Люда Петрова 100 метрге жүгіруден облыс бойынша бірінші орында болса, оның құрбысы Галя Рогова диск лақтырудан облыста бірінші, ал, Селімбай Өтешқалиев спорттың екі түрінен облыстық чемпион. Ол өткен жылы 100 метрге жүгіруден, ұзындыққа секіруден бірінші орынға ие болды.

*Ә. Бөлдекбаев.*  
Арал қаласы.

## Мәншүк

Туғанда қызы Жамила-ана,  
Ардақтап атын Мәншүк деп қойды.  
Кішкене көрші — нәресте бала  
Әкелді үміт, үлкен бір ойды.

...Жамила-ана самалды кеште  
Отырар бақта, бөбегі қолда.  
Батыр қыз Мәншүк түскенде еске,  
Айтылар ерлік жыр болып сонда.

— Мәншүктей сен де боларсың батыр,  
Отанның адал үмітін ақтап.  
Алдыңда талай асулар жатыр,  
Өсе бер, қызым, еркіндеп аттап...

Осы бір әнді естиміз әр күн,  
Көңіліміз біздің шаттыққа толып.  
Осы бір әнді айтады әркім:  
«Өссін деп ұрпақ Мәншүктей болып.»

*Н. Шакенов.*



Сабахаттин Али.

Суретін салған Н. Лебедев.

## Арба бес күрештен

Әңгіме

Түріктің көрнекті жазушысы Сабахат тин Алиді түрік фашистері, ол өзінің шығармаларында Түркиядағы еңбекші халықтың төзбес ауыр халін әңгімелегені және жақсы өмір орнату күресіне шақырғаны үшін өлтірді.

Сіздердің оқуыңызға ұсынылып отырған Сабахаттин Алидің әңгімесіндегі арба сатушы жас сәбидей кішкене балалар капиталистік елдерде миллиондап кездеседі. Олардың аштан өлмеу үшін қаршадайынан еңбек етіп тырбанып тамақ асырауына тура келеді.

Ондай ауыр халде отырған тек Түркияның, Индияның, Японияның балалары ғана емес, олармен қатар өкімет басында капиталистер отырып алып, халық мүддесін елең қылмай бар қаржыны соғыс әзірлігіне жұмсайтын Америкада, Англияда, Францияда және сол сыяқты елдерде де осындай балалар көп-ақ.

Кешқұрым, көшеде халық көбейе бастаған кезде, үлкен дүкеннің бұрышына бір әйел мен бала келіп отырады.

Әйел тек көзін ғана ашық қалдырып тұла бойын кара матамен шымқап алады.

Ол малдасын құрып отырады да кішкене қапшықтан ойыншықтарды шығарады. Ол ойыншықтар — екі тақтай дөңгелектің арасына төрт шыбықтан күйме орнатылған кішкене арба. Арбаны жүргізгенде күймесі де дереу шыр айнала жөнеледі.

Әлгі әйел ойыншықтарды қатарлап қойып болғансон, жанындағы баласы оның біреуін алып тротуармен ерсілі-қарсылы жүріп нәзік даусымен:

— Арба бес күрештен! Арба!... Арба бес күрештен! — деп айқайлады.

Бұл әйел мен бала осы жерде қашан жұрт аяғы басылып жым-жырт болғанша солай отырады да қояды.

Баланың жасы сегізге еді, бірақ тосын көрген адам оның жасы алтыдан артық деп ешбір ойламайтын: өйткені ол тым ашан, аласа еді.

Осы арба сатушылар отырған ылас тротуардың қақ қасындағы үлкен галантерей дүкенінің шыны қабырғасынан пеше алуан әдемі заттар жарқырап көрінеді.

Түсі анадайдан көз тартатын түрлі галстуктар, бастырмасы тамаша жалтырауық белбеулер, жүннен ширатып тоқылған свитерлер, перчаткалар, қымбатты ойыншықтар — адамға керектісі де, керексізі де бар толып жатқан заттар өтіп бара жатқан адамдарды еріксіз өзіне тартады.

\* Күреш — бақыр ақша.

Дүкеннің шыны қабырғасында самсап тұрған нәрселерге есі кеткен адамдардың көзіне, қолдан жасалған мына арбалар ілінер де емес.

Сонда да кішкентай арба сатушы жағы сенбестен:

— Арба бес күрештен!... Бес күрештен! — деп зарлай береді.

Бір кезде дүкенге ентелей геп бір автомобиль тоқтады. Оның ішінен сәндіне киінген толық әйел сегіз-тоғыз жасар баласын ерте шыға келді. Баланың басында ақ береті, аяғында сапаян гетрі, үстінде жұмсақ қаракөк мәуіті польтосы бар.

Бұлар дүкенге барып кірді.

Сәлден кейін бала көшеге қайта шықты да, шыны қабырғадағы ойыншықтарды қарай бастады. Бұл кезде арба сатушы баланың:

— Арба, бес күрештен! — деген даусы қаттырақ шықты.

Бұған көк мәуіті польтолы бала жалт қарады да арба сатушыны көріп, оған жүгіре жөнелді.

— Ана — а! Сен осында арба сатушы ма едің?

Арба сатушы да оған бұрылып:

— Апамның өзінің бұл жерге жетуі қиын және ол қатты айқайлай да алмайды... Сондықтан міне, онымен бірге мұнда мен де келемін... — деді.

Көк мәуіті польтолы бала қолын қалтасына сұғып жіберді де бір қағаз дорбаны суырып шығып, оның ішінен бадамның бір уыстай аршылған дәнін алды. Ол уысын толтыра бадамды аузына күйіп жіберді де, арба сатушы балаға жалғыз ғана дән ұсынды.

— Сен сабағыңды қашан дайындап үлгіресің? — деп сұрады көк польтолі бала.

— Мектептен келген бетте... Бір-екі сағаттай отырып оқыймын, сабағымды дайындаймын. Сонансоң апам екеуіміз осында келеміз. Әйтпесе мен сабағымды кешпен дайындай алмаймын ғой: біздің керосин сатып алатын ақшамыз жоқ қой.

— Сен біздің мұғалімді көрдің бе? Ол осы жерден жаңа ғана өтті ғой.

— Менің арба сататынымды ол біледі.

Бұл кезде, көшеде балаларын жетелеп келе жатқан әйел көрінді. Мұны көре салып арба сатушы бала сөзді доғара салып жалма-жан:

— Арба, бес күрештен! Арба! — деп айқайлай жөнелді.

Келген кішкентай балалар қол ұстасып қазқатар тұра қалды. Арба сатушы сәбидің шешесі оларға қайғылы көзімен телміре қарап отыр.

— Ал сен арифметикадан тапсырылған сабақты істедің бе? — деп сұрады көк польтолі бала. — Мен жаңа үйде онымен басымды қа-

тырып-қатырып, қой кешке әкемнен сұрап ала салайын деп тастап кеттім!..

— Сұрап алудың керегі не, ол он оңай ғой... — Сөйтті де кішкене сатушы оған есепті қалай шығаруды түсіндіре бастады...

Ол екеуінің қызыға әңгімелескені сонша, кішкене сатушы өзінің товарын тіпті жар салып ұсыпуды да есінен шығарып қойды.

Көк польтолі бала енді өзінің мектептес жолдасын қолынан шап беріп:

— Білесің бе сен, мен мұғалімге екеуімізді бір партаға отырғыз деп айтамын. Екеуіміз сонсоң бірге отырып оқыйтын боламыз.

— Жоқ, менімен бірге отыратын баланың өзі орнынан тұра алмайды ғой. Және менің өзімнің де олай істегім келмейді. Онымен біз бір көшеде тұрамыз, және ол да мен сыяқты кедей...

«Балалар, мен оны қуып жіберіп оның орнына байдың баласын отырғызды дейді» — деп айтпақ болды да, өзін тежеп қалды.

Бұл кезде әсем киінген әйел дүкеннен шықты да о жақ-бұжаққа қарады. Әйелдің қолында қаразға ораулы толып жатқан бөлек-бөлек бұйымдар бар. Әйел сыртқа шығысымен шофер жүгіріп келіп оның қолындағы сатып алған бұйымдарды машинаға апарып салды.

Әйел айнала қарап өтті де, баласының ойыншық сатушы баланың қасында тұрғанын көріп, түсі бұзылып кетті. Ол тепсіне басып балаларға қарай жүрді. Додаана жақындаған шешесін көріп бала төмен қарады.

Кішкене сатушының шешесі үрейлене басын көтеріп алып, екі көзін үстіне сусар манти, аяғына жылан терісінен тюфли киген әйелден алмай қадалып қалды. Бұларға жақын келіп, әсем киінген әйел ұлын қолынан шап берді.

Бұл не сұмдық? — деп ақырды ол. — Әй сен кіммен сөйлесіп тұрсың?... Сөйтті де ол қолшатырымен кішкене сатушыны нықтан періп жіберді. — Қарамайсың ба өзіңе жалба-жұлба оңбаған, менің ұлым сенін не теңің?..

Сокқыдан қолы салдыраған кішкентай сатушы еңіреп қоя берді. Бұл бейбактың шешесі қорыққанынан қабырғаға жабыса түсті.

— Анатай, бұл менің мектептегі жолдасым еді ғой!... — деп көк польтолі бала араға түспек бола бергенде, әйел ұлына булыға зекіп:

— Ертең-ақ мектепке телефон соғамын. Мен оларға көрінген жалба-жұлба оңбағандарды мектепке қабылдай берудің қалай екенін көрсетермін! — деді.

Сөйтті де ол баласын қолынан жұлқып машинаға кердендей баса жөнелді.

Ал, кішкентай сатушы болса, дірілдеген нәзік даусымен:

— Бес күрештен! Арба, бес күрештен! — деп бұрынғысынша зарланып қала берді.

Орысшадан аударған. *М. Нұртазин*



# Оңай нан талпақ болған қасқыр



## БЕЛОРУССИЯНЫҢ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІСІ

Баяғыда бір шал болыпты. Сол шал пішен шауып жүріп әбден шаршағансоң, дем алуға бұтаның көлеңкесіне келіп отырады да, азық салған дорбасының аузын шешіп, ішінен тамақ алып жей бастайды.

Бұл кезде орман ішінен бір қасқыр шыға келеді. Шалдың бұта түбінде қауқандап бірдене жеп отырғанын көреді ол.

Қасқыр шалға жақын келіп:

— Әй пенде, сенің жеп отырғаның не? — деп сұрайды.

— Нан, — деп жауап қайырады шал.

— А, ол тәтті ме?

— Тәтті-ақ!

— Маған бір үзіп берші, дәмін көрейін.

Шал нанның шетінен оған кішкене үзіп береді.

Нан қасқырға тым ұнап кетіп:

— Шіркін-ай, мен де күнде-күнде нан жеп отырар ма едім! Әттең оны қайдан алмақсың! Әй пендем-ай, айтсайшы, оны қайдан алуға болады?

— Жарайды, нанды қайдан және қалай алады үйретейін саған мен, — деп жауап береді шал.

Сөйтіп ол қасқырды былайша үйрете бастайды:

— Ең әуелі жерді жырту керек...

— Я, сүйтсе-ақ нан бола қоя ма?

— Жоқ, ағайын, саспа, — дейді шал. Сонансоң жерді тырмалап, оған тұқым себу керек болады.

— Я, сонансоң-ақ нан жеуге бола ма? — деп қасқыр декбірсіздене құйрығын бұлғандатады.

— О не дегенің сенің!.. Себілген тұқымның күзде тебіндеп шығуын, онан суықта, қардың астында үсімей аман қыстап шығуын, жазғутыры жақсы көктеуін, сонансоң оның бас алуын, онан әрі дәннің толуын күтесің.

Қатты бір күрсінді де қасқыр:

Ойбай тым ұзақ күту керек екен! Әй, әйткенмен сонда нанға лықия бір тоямын екен-ау, ә, — деді.

— Лықия тою қайда әлі саған?! — деді оның сөзін бөліп шал. — Ол тым ертерек. Әуелі піскен егінді орып алу, сонансоң оны баулау, ал баулағаннан кейін шөмелеу керек болады және жел қағып, күн кептіргеннен кейін оны қырманға тасы.

— Я, мен сонансоң-ақ нан жеймін бе?

— Ой тоқтасаңшы сен, декбірсіз мұндар! — деп шал қасқырды тұжырып тастады. — Бауды бастыру, астықты қаптау, қапты диірменге апарып ұн ғып тарттыру керек болады.

— Я, сонымен біте ме?

— Жоқ, бітбейді. Ұнды су құйып илеу, сонансоң иін қандырып оны пештегі қоламтаға



салу керек. Соған кейін нан піседі, міне осыдан кейін оны қанша жеймін десең өз еркін.

Қасқыр сәл ойланып, тырнағымен құлағының түбін қасып қойды да, былай деді:

— Жоқ! Бұл машақаты көп, тым ауыр жұмыс екен. Оған гөрі менің жапан түзге жортуылға шығып, оңай нан тапқаным жөн ғой.

Шал оған түк үн қатпады, тек жымыйды да жұмысына кірісті. А қасекен болса, оңай нан таппақ болып, тайып тұрды.

Қасқыр жайылымға келіп жетті. Қарап тұрса қақ алдында бір ат жайылып жүр. Сол атқа қарап тұрып қасқыр:

— Ат, әй ат! Мен сені жеймін, — дейді.

— Амалым не, — дейді ат, — же. Тек айтарым, жеуден бұрын мына тұяқтарымдағы тағаларды суырып таста, әйтпесе мені жегенде бекерге тістерің сынып қалар.

— Ол да дұрыс екен, — дейді қуанып кетіп қасқыр. Сөйтіп аттың аяғындағы тағаны суырмақ болып ол ескейе бергенде, ат оның тісін опыра гөп тепсін ә!

Қасқыр қаппақтай түссін де, артына қарамастан зытып берсін! Ол бір кезде өзенге жетті. Қарап тұрса алдында қаздар жайылып жүр. «Жақсы болды-ау, мен бұларды жайқайын» — деп ойлап ол, былайша тіл қатты:

— Қаздар-ау, қаздар! Мен сендерді жеймін.

— Амал не, — деп жауап берді қаздар, — же. Тек әуелі өлер алдындағы біздің ақырғы тілегімізді бер.

— О қандай тілек? — деп сұрады қасқыр.

— Сен өлең айт, біз би билейік.

— О болады, өленді қатырамын мен.

Қасқыр көгалға отырып тұмсығын көкке көтере ұлып берсін. Ол олай да, бұлай да зорлана ұлыған кезде қаздар қанаттарын желпіл-желпіл қанқылдап ұшты да кетті.

Қап деп тісін бір сарт еткізіп, комағай қасқыр да құрамай қауып, басының ауган жағына кете барды. Жүріп келеді, жүріп келеді, жүріп келеді ол. Бір кезде далада жайылып жатқан қой түсті оның көзіне, қойшы бір жерде қорылдап

ұйықтап жатыр. Қасқыр бұғып жатып көзін ең бір нән қойға қадады да, жақындай бергенде тамақтан гөп алды оны. Қылғындырып тұрып:

— Қой-ау, қой! Мен сені жеймін, — деді ол.

— Амал не, — дейді қой, — пешенеме тигені осы да. Тек мені де көп қыйнамай, менің кәрі сүйектеріме өзіннің тістеріңді де бекерге мұқалтпау үшін, сен анау дәу ағаштың түбіне бар да аузыңды арандата аш, сонансоң мен өзім жүгіріп барып сенің аузыңа бірақ кірейін.

Мұны естіп қасқыр қуанып кетті де, барып ағаштың түбіне отырып аузын арандай ашып қойдың келуін күтті. Ал, қой бұл кезде төбеікке шығып алып қасқырды мүйізімен перді дейсін! Сұрқылтайдың көзінен оты бір-ақ жарқ етті.

Әлден уақытта есін жыйғансоң қасқыр басын шайқап өзіне өзі:

— Қалай білсем екен, мен әлгі қойды осы жедім бе, жемедім бе? — деді.



Бұл кезде шал жұмысын бітіріп жәйімен үйіне қайтып келе жатқанды. Қасқырдың әлгі сөзін оның құлағы шалып қалып былай деді:

— Жеуін сен жеген жоқсың-ау, бірақ оңай нан табылмайтынын да білген боларсың.

Суреттерін салған *Н. Нестеров*

# Сен білесің бе?

# Оқушылар жырғы

...1922 мен 1941 жылдар арасында совет мергендері дүниежүзілік 14 жарысқа қатысып, II рет жеңіске ие болды.

...1854 жылы Вятка қаласында болған ауылшаруашылық көрмесінде жұрт ең бірінші шөп шабатын машинаны көрді. Бұл машинаны өз бетімен білім алған орыс механигі Андрей Нестерович Хитрин 1852 жылы ойлап шығарған болатын. Хитрин шөп шабатын машинаны американдық Алленнен алты жыл бұрын жасаған еді.

...1955 жылы Грузия 41 миллионна астам килограмм чай шығаратын болады.

...1879 жылы орыс суретшісі — өнертапқыш И. В. Болдырев дүние жүзінде ең тұңғыш рет фотопленка ойлап шығарды.

...1952 жылы бір айда совет еліндегі электр станциялары патшалық Россияда 5 жылда шығарылған электр қуатындай қуат берді.

...1872 жылдың апрель айының басында Карл Маркстың «Капиталының» бірінші томы бірінші рет орыс тілінде басылып шықты. Бұл «Капиталдың» басқа тілге бірінші аударылуы еді.

...Өткен ғасырда орыс инженерлері Н. Г. Славянов пен Н. Н. Бенардос орыс ғалымы В. В. Петров ашқан электр доғасы кубылысына сүйене отырып, металл бөлімдерін электрмен пісіріп қосу әдісін тапты.

Металды электрмен пісіру — орыс ғылымы тапқан ұлы жаңалық боп саналады.

...Қазір Совет Одағында еліміздің барлық халықтарының тілінде 8 мыңнан астам газет шығарылады. Олардың бір күнгі тиражы 40 миллион дана мөлшерінде.

Елімізде екі жүзден аса баспа орны кітап шығарады. Олардың жылдық тиражы 1953 жылға дейін 850 миллион данадан асты.

Сөзін жазған **І. І. Мәмбетов**

Музыкасын жазған **Б. Ғизатов**

*Мерізі өспінімен*

Жас-жапырақ арасында, а-ясын да,  
Жаттық өзен, жағасын да,  
Жарқын жазды өткізіп,  
Көрдік тауда көп қызық,  
Көрдік тауда көп қызық,  
Сәлем саған, туған қаласың,  
Келдік жаңа күш алып күндей ыстық,  
Құшағың аш, қамқорлықтың құшағын,  
Қамқорлықтың құшағын.

*Қайырмасы*

Жас жапырақ арасында  
Жарқын жазды өткізіп,  
Жаттық өзен жағасында,  
Көрдік тауда көп қызық.

Көп сыр ұқтық заводтардан,  
Қолхоздардан, орманнан.  
Сыйымыз мол жаздан алған,  
Мектепке ол арналған.

### Қайырмасы

Қайырмасы:

Сәлем саған, туған класс,  
Келдік жаңа күш алып.  
Күндей ыстық құшағыңды аш,  
Қамқорлықтың құшағын.

Былтырғыдан жақсы оқыймыз,  
Жақсы оқыймыз сабақты.  
Бестікпенен қуантамыз  
Ата-ананы ардақты.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарханбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұркатов А., Нұртазин М.

Технический редактор И. Соскинд.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Подписано к печати 19/IX 1953 г. УГ08690. Бум. 84 × 108<sup>1/16</sup> — 0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 16 000.  
Полиграфкомбинат Главполиграфиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1191

